




Негізі 1913 жылы 2 ақпанда қаланған республикалық газет

№ 43 (940), 09 қараша, 2018 жыл



БРИФ

жаңалықтар

АРНАЙЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫНЫ КІМ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ АЛАДЫ?




1999 жылғы 5 сәуірдегі «Қазақстан Республикасындағы арнайы мемлекеттік жәрдемақы туралы» Заңы бойынша арнайы мемлекеттік жәрдемақы беріледі. Сонымен, бұл жәрдемақыны кімдер алады? Жәрдемақыны алу үшін қандай құжаттар керек? Жәрдемақының көлемі қандай? «Qazaq» газеті бүгін осы сұрақтардың жауабын іздейді.

«РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ-НЫҢ БАТЫРЫ» АТАНҒАН ЕКІНШІ ҚАЗАҚ



1996 жылы Қап тауындағы қырғында 20 жасында қаза тапқан орынборлық оғлан Жантас Жолдинов 1998 жылы «Ресей Федерациясының Батыры» атанғанын біреу білсе, біреу білмес. Жантас Бақытжанұлынан кейін «Ресей Федерациясының Батыры» атанған екінші қазақ бар, ол – Серік Сұлтанғабиев. Ал, Қостанайдың тумасы Серік Ғазизұлы 42 жасында қандай ерлігі үшін көрші елдің батыры атанды?

ӨЗГЕ ЕМЕС, ӨЗІМ АЙТАМ ӨЗ ЖАЙЫМДЫ



17 қараша – «Парасат» орденінің, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қоғабай Сәрсекеевтің жарық дүниеден өткен күні. «Байлығым – қазақтығым» деп өмірден өткен қарымды қаламгер көзі тірі болғанында келесі жылы сексеннің сенгіріне шығар еді.

ҚАҢАРМАН ӘНШІ



Есімі төрткүл дүниеге жайылған Роза Бағланова – ән әлемінде үш-төрт ұрпаққа өнеге болған ірі тұлғалардың бірегейі. «Ақмұндайлым», «Ах, Самара городок», «Әдемі-ау», «Ақ көгершін» әндерін тамылжыта орындайтын әнші көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған әнші.



ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ «СОЛТҮСТІК КОРЕЯСЫ»

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМАҚЫ

ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІ КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?



Алматы қаласындағы аз қамтылған отбасыларға биылғы жылы тұрғын үй көмегін көрсетуге 54 миллион теңге қарастырылды. Алматы қаласы мәслихатының 2014 жылғы 2 маусымдағы №232 шешімімен бекітілген Алматы қаласындағы тұрғын үй көмегінің мөлшерін анықтау және көрсету Ережесінің негізінде тұрғын үй көмегі көрсетіледі. Бұл көмек коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған шығындар отбасының жиынтық табысының 10 пайыздық үлесінен асатын жағдайда көрсетіледі. Яғни, коммуналдық қызметтерді төлеуге арналған шығындар норма бойынша 13 мың теңге болса, ал табыс 80 мың теңгені құраса, отбасының жиынтық табысының 10 пайыздық үлесі 8 мың теңге, демек тұрғын үй көмегіне 5 мың теңге шығады.

Тұрғын үй алаңының нормасы адам басына 18 шаршы метрлік пайдалы алаңды құрайды. Ал бір бөлмелі пәтерде тұратындар үшін иеленіп отырған тұрғын үйінің нақты пайдалы алаңына тең болуы тиіс.

Көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды) бекіту кезінде коммуналдық қызметтерді тұтыну нормалары табиғи

монополияларды (монополистік қызметтерді) реттеу жөніндегі аумақтық уәкілетті орган қолданатын коммуналдық қызметті қолдану нормаларына тең.

2018 жылдың 1 қыркүйегіне дейін 2 242 отбасыға 40 миллион теңге көмек көрсетілді.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) аудандық «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның филиалы – Халыққа қызмет көрсету орталығына өтінішпен жүгінеді. Өтінішке келесі құжаттар қоса ұсынылады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады);
- 2) өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын мекенжай анықтамасы;
- 3) отбасының табысын растайтын құжаттар;
- 4) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттың көшірмесі;
- 5) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттың көшірмесі;

Қазақстандағы әлеуметтік саясат саласындағы басым бағыттардың бірі – кедейшілік деңгейін төмендетіп, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту, аз қамтылған азаматтарды және халықтың әлеуметтік осал топтарын әлеуметтік қорғау болып табылады. Міне, осы мақсатта Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының әлеуметтік төлемдер бөлімінде тұрғын үй көмегі аз қамтамасыз етілген отбасыларға әлеуметтік көмектің бір түрі ретінде ақшалай төлем түрінде көрсетіледі. Бұл көмек Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97-бабының 2-тармағына, ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 «Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» қаулысының 3-тармағына сәйкес тағайындалады.

6) телекоммуникация қызметтеріне арналған түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі.

Тұрғын үй көмегі жайында толықтай ақпарат алу үшін тіркелген тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының аудандық бөлімдеріне келесі мекенжайлар бойынша хабарласуыңызға болады:

Алатау ауданы, «Шаңырақ-2» ықшам-ауданы, Жанқожа батыр көшесі, 26 үй. Телефоны: +7 (727) 395-36-05;
Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 577. Телефоны: +7 (727) 261-02-81;
Әуезов ауданы, №3 ықшам-ауданы, Абай даңғылы, 41 «а». Тел.: 276-49-92;
Бостандық ауданы, Жандосов көшесі, 2 үй. Телефоны: +7 (727) 392-22-95;
Жетісу ауданы, Мақатаев көшесі, 142 үй. Телефоны: +7 (727) 279-37-72;
Медеу ауданы, Төле би көшесі, 12 үй. Телефоны: +7 (727) 291-06-65;
Наурызбай ауданы, «Қалқанан» ықшам-ауданы, 24 үй. Тел.: 383-55-82;
Түркісіб ауданы, Рихард Зорге көшесі, 18 үй. Телефоны: +7 (727) 234-93-15.

Кәмшат ҚОШҚАРБАЕВА,
 Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының әлеуметтік төлемдер бөлімінің бас маманы

«QAZAQ» ГАЗЕТИ ЖАЗЫП ЕДІ...

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРИХИ ТОРҒАЙ АТАУЫН БЕРУДІ БІРАУЫЗДАН ҚОЛДАЙМЫЗ!

Қасиетті де киелі Тобыл-Торғайдың бір топ қарттары таяуда ғана бір ғасырлық тарихи бар ұлт басылымдарының атасы – республикалық «QAZAQ» газетінің №38-39 бірлескен нөмірінде шыққан Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик жерлесіміз Тәтіғұлов Әбдісағиттің «Төр тарихы терең Торғай» атты көлемді, орамды ой-пікір қозғаған мақаласын оқып, өз пікірімізді сүйікті газетіміз арқылы ел басшыларымен қатар тиісті құзырлы органдардың қаперіне және аймақ халқына жеткізуді, сөйтіп, бұдан да әрі талқы таразысына салуды жөн көрдік.

» 02-бетте



07 «ЕРКЕ-НҰР»: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ

Әр халықтың өзіне тән киім кию, киім тігу үлгісі болады. Сол киім үлгісіне қарап, қай ұлттың қандай екендігін ажырататынымыз анық. Сондықтан, ұлттық нақыштағы киімдер де кәсіптің, нарықтың басты назарында. Рас, қазақ халқының ұлттық киім үлгісінде өзгешеліктер көп. Ғасырдан астам тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін сол даралығымызды дамытып жүрген «Ерке-Нұр» ұлттық сән үйінің тарихынан сыр шертеді.

Әр шаңырақта „Qazaq“ болсын!



Ғасыр тарихы бар «Қазақ» газетіне «Қазпошта», «Еуразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері арқылы 2019 жылға жазылу басталды

Индекс	Басылым атауы	Жазылу мерзімі	Жазылу бағасы, теңге	
			Қала	Аудан/ауыл
64048	«Қазақ» газеті	6 ай	1 983,48	2 095,20
		12 ай	3 966,96	4 190,40

Ескерту: Жоғарыда «Қазпошта» арқылы газетке жазылу бағасы көрсетілген, ал «Еуразия пресс», «Эврика пресс» мекемелері арқылы газетке жазылу арзанға түседі

vk.com/qazaq1913

@qazaq1913

Қазақ газеті

qazaq1913.com

СЯСАТ ЭКОНОМИКА БІЛІМ МӘДЕНИЕТ СПОРТ

ЖҰМАДАН ЖҰМАҒА ДЕЙІН...

+ 7 (727) 293 86 73

qazaq1913@nur.kz

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

ЖОҒАРЫ БІЛІМГЕ ЖОҒАРЫ ТАЛАП ҚАЖЕТ ЕКЕНІ АЙТЫЛДЫ

ҚазҰУ-да «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту: тәжірибе және перспективалар» атты рес-публикалық конференция өтті.

Конференцияға ҚР Білім және ғылым вице-министрі Асхат Аймағамбетов, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаменті мен ҚР жоғары оқу орындарының ректорлары мен проректорлары қатысты.

ҚР Білім және ғылым вице-министрі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мен ондағы әлеуметтік ізгілендіру пәндерінің типтік оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жетілдіру сынды мәселелерді алға тартты. 2018 жылдың 10 қарашасынан 1 қаңтарға дейін барлық ЖОО-да жұмыс берушілердің талаптарына және кәсіби стандарттарға сай жаңартылған білім беру бағдарламаларын құрастыру, 10 қарашаға дейін әр ЖОО ішкі ережелерін жасау мен қарашаның басына дейін нормативтік құқықтық актілерді бекітіп, ҚР Әділет министрлігінде тіркеуді тапсырды.

Конференция соңында қатысушылар білім беру бағдарламаларының негізгі басымдықтарына және осы саланы дамытудағы өзге де стратегиялық міндеттерге баса назар аударып, талқылау кезінде білім беру мекемелерінің басшылары Жолдауда айтылған Президент бастамаларын қолдайтынын жеткізді.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі «Атамекен» ҰҚП ІТ кеңесімен бірге «Цифрлық агент» мобильдік қосымшасын қолданысқа шығарды. Қосымша қазақстандықтардың халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы, салық органдарындағы, емханалар мен басқа да мемлекеттік мекемелердегі қызмет сапасы туралы шұғыл хабар беруі үшін жасалды. Қолданушылар мемлекеттік қызмет сапасын қызметкерлердің сыпайылығы, кәсіби этикасы, мекемедегі әкімшілік кедергілер және басқа да критерийлер бойынша 5 балл жүйесімен бағалай алады. Бұған қоса, фотосуреттер мен видеоматериалдарды да жүктей алады. Азаматтар қосымша арқылы хабарласқаннан кейін қызмет көрсетушіге өтінішті қарауға, мәселені шешуге 5 минут уақыт беріледі, содан кейін іске мемлекеттік қызмет ұсыну сапасына жауапты орган ретінде Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі араласады.

ҚР СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІ ЮНИСЕФ БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов Астанаға алғашқы медициналық көмек көрсету жөніндегі жаһандық конференцияға келген ЮНИСЕФ-тің атқарушы директоры Генриетта Формен кездесті. Форум Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы, ЮНИСЕФ және Қазақстан Үкіметінің қатысуымен ұйымдастырылды.

Қайрат Әбдірахманов Қазақстан тарапының баланың құқықтарын қорғау саласындағы

халықаралық міндеттемелерге толықтай айнаymастығын баса айтып, осы саладағы Президенттің тапсырмаларын іске асыру туралы ақпаратпен бөлісті. Министр ЮНИСЕФ-ке Қазақстанға ана мен бала денсаулығы және балаларды қорғау мәселелеріне қолдау көрсеткені үшін алғысын білдірді. БҰҰ Балалар қорының қолдауымен кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін дамыту және өмірдің барлық саласында балалардың тең мүмкіндіктерін жасауға бағытталған бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылуда. Генриетта Фор еліміздегі денсаулық сақтау деңгейінің жағымды әсерін айтып, Қазақстан дамып келе жатқан әлеммен өз тәжірибесін бөлісуге және оның орнықты дамуына жәрдемдесуіне деген тілегін құптайтынын жеткізді. Тараптар денсаулық сақтау қызметтерін жаппай қамтуға бағытталған бағытты ілгерілетуде бір-бірін қолдауға келісті. Астана қаласында қабылданған Декларация 1978 жылы Алма-Ата тарихи декларациясының логикалық жалғасы болып табылады және бұрынғы алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесін нығайтуға бағытталған. Сонымен қатар, Қазақстан ЮНИСЕФ-тің бүкіл әлемдегі шиеленіс аймақтарындағы балаларды қорғаудағы рөлі мен қызметіне ерекше мән береді. Өз кезегінде, ұйым Сириядағы жағдайды бейбіт реттеу бойынша Астана процесіне қызығушылық таныта отырып, оның шеңберінде жанжалдасушы тараптар балалардың құқықтарын қамтамасыз ету және оларды шиеленіс салдарынан қорғау үшін нақты қадамдар жасау қажеттілігі айтылды.

Қазақстан ұлттық банкі «7-20-25» бағдарламасының іске асырылуы туралы хабарлады. «7-20-25» бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2018 жылғы 30 қазандағы жағдай бойынша қарыз алуға 47,1 млрд теңге сомасына 3 989 өтініш қабылданды. Оның ішінде 31,8 млрд теңге сомасына қарыз беруге 2 658 өтініш мақұлданды. Аталған бағдарлама бойынша сұрақтарыңыз болса, «Баспана» ипотекалық ұйымына + 7 (727) 227-20-25 нөмірі бойынша тәулік бойы хабарласуларыңызға болады. Сонымен қатар, ипотекалық ұйымның ресми интернет-ресурсында www.baspana72025.kz сілтемесі бойынша қосымша ақпаратпен таныса аласыз.

Жауапты редактор: Гүлмаржан ҚОСЖАНОВА

КЕРЕК ДЕРЕК

АРНАЙЫ МЕМЛЕКЕТТІК

Арнайы мемлекеттік жәрдемақыға құқығы бар адамдардың санаттары	Арнайы мемлекеттік жәрдемақыға құқықты растайтын құжаттар	Көлемі
ҮОС қатысушылары және мүгедектер	ҮОС қатысушысы немесе мүгедектің жеке куәлігі	38 480 теңге
ҮОС қайтыс болған жауынгерлердің қайтадан тұрмысқа шықпаған жесірлері (қайтыс болған, із-түзсіз жоғалған)	Неке туралы куәлік, ерінің/әйелінің қайтыс болуы туралы куәлік, ерінің/әйелінің мүгедектіпін растайтын құжат	10 775 теңге
«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған көп балалы аналар, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған көп балалы аналар	Марапаттауды немесе атақты алуды растайтын құжаттар	15 392 теңге
I, II және III топтағы мүгедектер	Мүгедектігі туралы анықтама	3 584 (I, II топтағы мүгедектер үшін) 1 540 (III топтағы мүгедектер үшін)
Зейнеткер болып табылатын немесе мүгедектігі бар саяси репрессиялардан зардап шеккен адамдар, саяси репрессиялардың құрбандары	Мүгедектік туралы анықтама, зейнеткер куәлігі, оңалтылған азаматтың куәлігі немесе прокуратура органдарынан немесе ішкі істер органдарынан немесе ұлттық қауіпсіздік органдарынан оңалту туралы анықтама немесе оңалту туралы сот шешімі	2 574 теңге
1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамырына дейін кемінде 6 ай тылда жұмыс істеген және мүлтіксіз әскери қызметі және адал еңбегі үшін бұрынғы КСРО медальдарымен және ордендерімен марапатталмаған адамдар	Еңбек кітапшасы немесе 1941 жылдың 22 маусымынан 1941 жылдың 9 мамырына дейінгі жұмыс туралы мәліметтерді қамтитын өзге құжаттар, 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамырына дейін әскери қызмет кезеңі туралы мәліметтерді қамтитын анықтама немесе әскери билет. 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамырына дейінгі жұмыс туралы мәліметтерді қамтитын құжаттарға мыналар жатады: - жұмыс кезеңдері туралы мәліметтерді қамтитын жұмыс орнынан, сондай-ақ мұрағат мекемелерінен берілген құжаттар; - еңбекақы беруге тізілімдер және дербес шоттар, бұйрықтардан көшірмелер; - кәсіподақ немесе коммунистік партия мүшелерінің есеп карточкалары немесе мүшелік билеттері; - бұрын әрекет еткен заңнамаға сәйкес қызметті жүзеге асыратын зейнетақыны тағайындау бойынша жұмыс өтілін анықтау бойынша комиссия шешімдері; - сот шешімдері; - арнайы комиссия шешімдері; - 1998 жылға дейін берілген жеңілдікке құқық туралы куәлік; - фабрикалық-зауыттық училищелердегі оқу айғағын растайтын анықтамалар	5 123 теңге
Ядролық қару сынаулары, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі апаттар, басқа радиациялық апаттар және Чернобыль АЭС апат салдарынан мүгедек болған адамдар; мүгедектігі ата-аналардың бірінің радиациялық сәулеленуімен генетикалық байланысты олардың балалары *	Радиациялық әсері бар аурудың себептік байланысын анықтау бойынша Орталық ведомствоаралық кеңес қорытындысы немесе ядролық қару сынаулары, әскери немесе азаматтық мақсаттағы объектілердегі апаттар және басқа радиациялық апаттар немесе Чернобыль АЭС апаттарды жою салдарынан мүгедектік туралы халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның анықтамасы, белгіленген үлгідегі куәлік	18 158 теңге
Ядролық сынаулар және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілерде және Чернобыль АЭС апаттың әсерімен байланысты өлімі белгіленген тәртіпте анықталған, қайтыс болған мүгедектер немесе сәуле ауруы салдарынан қайтыс болған мүгедектің отбасылар; азаматтық немесе әскери мақсаттағы апаттар және басқа радиациялық апаттар және Чернобыль АЭС апат салдарларын жоюдағы қайтыс болғандардың отбасы **	Қайтыс болғанымен туысқандық байланысты растайтын құжат (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі); сәуле ауруы салдарынан қайтыс болған немесе қайтыс болған мүгедектің өлімі туралы куәлік, сондай-ақ өлімі азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі апат және басқа радиациялық апаттар және Чернобыль АЭС-да апаттың әсерімен байланысты болуы	11 039 теңге
ҚР шеттетілген және көшірілген 1988-1989 жылдары Чернобыльдегі апат салдарларын жою қатысушылары қатарынан адамдар, соның ішінде эвакуация күнінде құрсақта болғандар	Балалардың туу туралы куәлігі, Чернобыль АЭС апатты жоюға қатысуды растайтын құжат немесе Чернобыль АЭС апатты жою қатысушысының куәлігі	5 123 теңге
Ел алдындағы ерекше қызметтері үшін зейнетақы тағайындалған адамдар	Қазақстан Республикасының алдындағы ерекше қызметтері үшін зейнетақы тағайындау туралы Қазақстан Республикасы Министрлерінің кабинетінде Қазақстан Республикасының алдындағы ерекше қызметтері үшін зейнетақы тағайындау бойынша Комиссия шешімінен көшірме немесе дербес зейнеткер куәлігі	2 574 теңге
Әскери қызметкерлер, сондай-ақ жұмыс істейтін әскер бөлімдерінің қызметкерлері үшін анықталған жеңілдікті шарттарда зейнетақы тағайындау үшін атқарған жылдарында 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін әскерге қатысу есептелген, ҮОС кезінде қалада қызметтен өткен бұрынғы КСРО мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарының басқарушы және қатардағы құрамының адамдары, әскери қызметкерлер	«Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, мүгедектерге жеңілдіктер және әлеуметтік қорғау туралы» ҚР 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына сәйкес жеңілдіктерге құқық туралы белгімен зейнеткерлік куәлік немесе белгіленген үлгідегі куәлік	14 887 теңге

«QAZAQ» ГАЗЕТІ ЖАЗЫП ЕДІ...

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРИХИ ТОРҒАЙ АТАУЫН БЕРУДІ БІРАУЫЗДАН ҚОЛДАЙМЫЗ!

« 01-бетте

Бүгінгі қарттар: «Ұрпақтарымыздың барлық игілікті шаруаларына Жаратушы бір Алла сәтін салсын!» – деп, тілеп отырамыз. Ел үшін жасалып жатқан Елбасымыздың «Рухани жаңғырудағы» кең қолдауға ие болған барлық игілікті бастамасына осы іс басталғаннан-ақ ризалығымызды білдірудеміз. Бір ғана ел мен жер атауларын қайтару туралы көптің өтініші, ой толғаулары – жаңбырсыз жазда шөліркеген, жауын жаууын күткен сайын даланың әкसेлеуі сияқты. Үсті-үстіне көне тарихымыз қайта түлеп, ақиқаттық атаулар бірінен кейін бірі қайта өз орнына оралып, халықтық қолдаулар жүзеге аса берсе екен?! Сөйтіп, жалпы елмен қатар тілеулес қарттар – біздің де, күн сайын ел ертеңіне құлақ түріп, көз тігуді арман-тілегімізге жансерік еткен жайымыз бар!

Мына біздің елдің түлегі, академик-ғалымның ұсыныс-пікірі, шынында, керемет қой! Көне Торғай облысының құрылғанына 150 жыл толу қарсаңында облыс орталығы атауын Қостанай қаласы деп қалдырып, ал облысқа тарихи Торғай атауын қайтарып беру – қасиетті жерімізге баға жетпес сый, тарихқа тағзым, кейінгі ұрпаққа еселенген күш-жігер берері сөзсіз!

...Түркістан облысы болып аталған бастаяғы жүз елу күн ішінде киелі өңірдің халқы қаншама игілікті істер мен табыстарға қол жеткізді?! Жаңалықты істердің тың, соны жетістіктерге жетелейтіні – біздің еліміздің бұрынғы тұрмыс-тірлігінде де талай кездескені өздеріңізге белгілі. Егер бұл ұсыныс жүзеге асатын болса, түрлі себептермен бір замандарда туған өлкесінен жан-жаққа

көшіп кеткен мыңдаған отбасылардың тарихи отандарына қайта оралуына себеп-негіз болар еді. Ұлан байтақ қазақ еліне өткен Тәуелсіздік жылдарында біздің Қостанай өңірінің мейлінше қазақтанып қалғанына жанды мысал болып таралары анық. Ал, ол Оңтүстік өлке халқының солтүстік аймаққа күмәнсіз ат басын батыл бұрып, қоныс ауыстыруына, көшіп келулеріне себеп болар еді! Оның бір жарқын мысалын: еліміздің жаңа басқару орталығы – Астанадан-ақ көріп отырған жолқыз ба? Бас қаладан қазір барлық облыстың өкілдерін кездестіруге болады. Облыс Торғай атауын алса, өз республикамыз бен алыс-жақын шетелдерден де туристік топтардың ағылып келетініне күмән жоқ!

Осы ұсыныс-қолдау мақаланы жазған және қол қойған зейнеткерлердің алдыңғы тобы:

Ғайсин Жақсылық қажы – зейнеткер, Қостанай облыстық қажылар қауымдастығының төрағасы; Ағытаев Ибраһим – зейнеткер-ахметтанушы; Мауданов Фазылхан – зейнеткер, еңбек ардагері; Қасымов Марат Әнуарбекұлы – зейнеткер, еңбек ардагері; Әбдіқадыр Әбдірайымұлы – зейнеткер, мемлекеттік қызмет ардагері; Жанғабылов Абдолла – зейнеткер, ауыл шаруашылығының ардагері; Ахметов Сабыржан – зейнеткер, мемлекеттік қызмет ардагері; Әбжан Серікбай – зейнеткер, мемлекеттік қызмет ардагері Көшекөв Есімбек – қаржы саласының ардагері; Жармағамбетов Болат – ардагер-дәрігер; Оташев Жұмағали Сабыржанұлы – кеңестік қызметтің ардагері; Дәріпсалдин Қалибек – зейнеткер, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі; Дүтбаева Сәуле Шаймарданқызы – зейнеткер, мемлекеттік қызметтің ардагері; Орманшина Әлпия – зейнеткер-ақын; Өскин Қуаныш – құқық қорғау органының ардагері; Серік Шайман – ардагер-журналист; Шаймағамбетов Серікбай – зейнеткер, мемлекеттік қызметтің ардагері.

ҚЫСҚА ҚАЙЫРҒАНДА

ЕРЛАН САҒАДИЕВ ЖЫЛ САЙЫН «ТӘРБИЕШІ» МАМАНДЫҒЫН АЛҒАН 9 000 БІТІРУШІНІҢ 900-І ҒАНА БАЛАБАҚШАҒА ЖҰМЫСҚА БАРАТЫНЫН АЙТТЫ

ЖАРДЕМАҚЫНЫ КІМ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ АЛАДЫ?

Бейбіт кезеңде әскери қызметтен өтуде қайтыс болған әскери қызметкерлердің отбасылары	Қайтыс болған адамның өлімі туралы хабарлама немесе куәлік, бейбіт өмірде әскери қызметтен өткенде қайтыс болу айғағы немесе із-түзсіз жоғалуы туралы әскери комиссариаттан анықтама (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі)	11 039 теңге
Жұмыс істейтін әскердің әскери қызметкерлері үшін анықталған жеңілдік шарттарда зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін атқарған жылдарында қорғанысқа қатысу, қалаларда сәйкес кезеңдерде болған немесе ҰОС кезінде жұмыс істейтін әскер құрамына кіретін мекемелерде, штабтарда, әскери бөлімдерде штаттық лауазымдар атқарған, КСРО мемлекеттік қауіпсіздігі және ішкі істер органдары және әскер, Әскери Теңіз флоты, Кеңес әскерінің еркін жалданатын құрамының адамдары	Белгіленген үлгідегі куәлік немесе «Ұлы Отан Соғысының қатысушылары, мүгедектер және оларға теңестірілген адамдарды әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы» 1995 жылдың 28 сәуіріндегі ҚР Заңына сәйкес жеңілдіктерге құқықтар туралы белгімен зейнеткерлік куәлік немесе белгіленген үлгідегі куәлік	14 887 теңге
ҰОС кезеңінде юнтар және полктар ұлдары (тәрбиеленушілер) ретінде флот және қолданыстағы әскер құрамына кіретін мекемелер және штабтар, бөлімдер құрамында болған адамдар	Белгіленген үлгідегі куәлік немесе «Ұлы отан соғысының қатысушылары, мүгедектері және оларға теңестірілген адамдарды әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы» ҚР 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына сәйкес жеңілдіктерге құқықтар туралы белгісі бар зейнеткер куәлігі	14 887 теңге
Әскери әрекеттер болған басқа мемлекеттерде және Ауғанстанда әскери әрекеттер кезінде алынған аурулар, мертігу, контузия, жарақат салдарынан қайтыс болған немесе мерт болған (із-түзсіз жоғалған) арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, әскери қызметкерлердің отбасылары	Қайтыс болғанымен туысқандық байланысты растайтын құжат, әскери қызметкердің із-түзсіз жоғалуы немесе қайтыс болуы туралы хабарлама немесе куәлік (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі)	11 039 теңге
Қызметтік міндеттерді орындауда қайтыс болған ішкі істер органдарының қызметкерлерінің отбасылары	Ішкі істер органдарынан анықтама, қайтыс болғанның өлімі туралы куәлік немесе хабарлама, ішкі істер органдарынан анықтама немесе қызметтік міндеттерді орындаудағы өлім айғағын растайтын құжат, қайтыс болушымен туысқандық байланысты растайтын құжат (неке туралы куәлік, баланың туу туралы куәлігі)	11 039 теңге
Ұлы Отан соғысының батыры, Үш дәрежелі даңқ ордендерінің кавалерлері	Ұлы Отан соғысының мүгедегі немесе қатысушы куәлігі және марапат куәлігі	333 406 теңге
ҰОС қатысушылары болып табылатын Социалистік Еңбек Ері	Ұлы Отан соғысы қатысушысы немесе мүгедегінің куәлігі және марапат куәлігі	179 534 теңге
Үшінші дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің кавалерлері, Социалистік Еңбек Ері	Ұлы Отан соғысы мүгедегі немесе қатысушысының куәлігі және марапат куәлігі	23 088 теңге
Жалпы ауру, еңбекте мертігу және басқа себептер нәтижесінде «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Блокадалық Ленинград тұрғынына» белгісімен марапатталған азаматтар, астыртын жұмыс істеуші, партизан, қайтыс болған соғыс қатысушыларының қайтадан некеге тұрмаған әйелдері/ерлері (құқыққа қайшы келетіндерді қоспағанда)	Неке туралы куәлік, жұбайының қайтыс болуы туралы куәлік, жұбайының мүгедектігін растайтын құжат	6 157 теңге
«Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» әскери атағына лайық болған адамдар	«Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» құрметті атағын тағайындауды растайтын құжат	333 406 теңге
Басқа антифашистік қалыптасу және жасырын топтар, партизандық отрядтар құрамында шетелдік елдердің аумағында дүниежүзілік соғыс жылдарындағы оның одақтастары және фашистік Германияға қарсы әскери әрекеттерге қатысқан адамдар	Белгіленген үлгідегі куәлік немесе «Ұлы Отан соғысының қатысушылары, мүгедектері және оған теңестірілген адамдарды әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы» ҚР 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына сәйкес жеңілдіктерге құқық туралы белгісі бар куәлік	14 887 теңге
«Блокадалы Ленинград тұрғыны» белгісі және «Ленинградты қорғау үшін» медалімен марапатталған және қала ұйымдарында және мекемелерде Ленинградтағы блокада кезінде жұмыс істеген адамдар	«Ленинградты қорғау үшін» медаліне немесе «Блокадалық Ленинград тұрғыны» белгісіне куәлік немесе «Ұлы Отан соғысына қатысушылар, мүгедектер және оларға теңестірілгендерді әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына сәйкес жеңілдіктерге құқықтар туралы белгімен зейнеткерлік куәлік	14 887 теңге
Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер және олардың одақтастары құрған мәжбүрлі мазмұндағы басқа орындар және гетто, концлагерлердің кәмелетке толмаған тұтқындары	Бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқынның куәлігі, Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер және олардың одақтастары құрған мәжбүрлі ұстау орындары, гетто, концлагерлерде мәжбүрлі ұстау туралы мұрағат анықтамасы немесе «Ұлы Отан соғысына қатысушылар, мүгедектер және оларға теңестірілгендерді әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына сәйкес жеңілдіктерге құқықтар туралы белгімен зейнеткерлік куәлік	14 887 теңге
Ядролық сынауларға, оқуларға; азаматтық, әскери мақсаттағы объектілердегі апаттар және басқа радиациялық апаттарға, 1986-1987 жылдарда Чернобыль АЭС апат салдарларын жоюға қатысқандар	Чернобыль АЭС апат салдарын жоюға қатысушының куәлігі, азаматтық және әскери мақсаттағы объектілердегі апаттар және басқа радиациялық апаттар немесе Чернобыль АЭС апат салдарларын жоюға қатысуды, ядролық сынауларға және оқуларға тікелей қатысу, әскери және азаматтық мақсаттағы объектілердегі апаттар және радиациялық апаттарды жоюға қатысу айғағын растайтын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар жөніндегі комитет немесе әскери комиссариаттан анықтама, ядролық сынауларға, оқуларға тікелей қатысуды растайтын құжат	14 887 теңге
Фронтта, әскери әрекеттер жүргізілген басқа мемлекеттерде және Ауғанстанда әскери қызметтен өтуде, фронтта болумен байланысты ауру салдары немесе басқа кезеңдерде әскери қызметтің басқа міндеттерін орындауда алынған жарақат, контузия, мертігу болғандар	Әскери қызметкерлер қатарынан мүгедектің жеке куәлігі (жеңілдікке құқық туралы Кеңес Армиясының мүгедегі), жарақаттану, контузия, мертігу туралы мүгедектік туралы анықтама, «Ұлы Отан соғысына қатысушылар, мүгедектер және оларға теңестірілгендерді әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына сәйкес жеңілдіктерге құқықтар туралы белгімен зейнеткерлік куәлік немесе әскери әрекеттерге қатысу айғағын растайтын әскери комиссариаттан анықтама	18 158 теңге
Әскери әрекеттер жүрген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін орындаумен немесе әскерде болуымен байланысты ауру салдарынан немесе қызметтік міндеттерді орындауда алынған жарақат, контузия, мертігу салдарынан мүгедек болған ішкі істер органдары және бұрынғы КСРО мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басқарушы және қатардағы құрамының адамдары	Белгіленген үлгідегі куәлік, жарақат, контузия, мүгедектік туралы анықтама, ішкі істер органдарынан, Ұлттық қауіпсіздік комитетінен тиісті анықтама немесе «Ұлы Отан соғысына қатысушылар, мүгедектер және оларға теңестірілгендерді әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына сәйкес жеңілдіктерге құқықтар туралы белгімен зейнеткерлік куәлік	18 158 теңге
Батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызметтік міндеттерін орындауда алынған жарақат, контузия немесе мертігу салдарынан мүгедек болған Эстония КСР, Латвия КСР, Литва КСР, Беларусь КСР, Украина КСР аумағында 1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде әрекет еткен халықты қорғау отрядтары және взводтары, жойғыш батальондардың командалық құрамы және әскері қатарынан адамдар	«Ұлы Отан соғысына қатысушылар, мүгедектер және оларға теңестірілгендерді әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына сәйкес жеңілдіктерге құқықтар туралы белгімен зейнеткерлік куәлік немесе әскери әрекеттерге қатысу айғағын растайтын әскери комиссариаттан анықтама, мүгедектік, мертігу, контузия, жарақаттану туралы анықтама, белгіленген үлгідегі куәлік	18 158 теңге
Әскери әрекеттерді жүргізу кезінде алынған аурулар немесе мертігу, контузия, жарақаттану салдарынан мүгедек болған және басқа елдердегі қызмет ететін әскери контингенттерде қызмет ететін тиісті санаттардың қызметкерлері және жұмыскерлер	«Ұлы Отан соғысына қатысушылар, мүгедектер және оларға теңестірілгендерді әлеуметтік қорғау және жеңілдіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына сәйкес жеңілдіктерге құқықтар туралы белгімен зейнеткерлік куәлік немесе басқа елдердің бұрыннан әрекет ететін әскери контингенттеріне қызмет көрсету салдарынан мүгедектіктің туындауы және тиісті санатты растайтын құжат, мүгедектік, мертігу, контузия, жарақат алу туралы анықтама, белгіленген үлгідегі куәлік	18 158 теңге

ЕСКЕРТУ: * Аталмыш жәрдемақыны Семей полигонының әсері салдарынан алынған ауру бойынша мүгедектігі бар азаматтар алуға құқылы (соның ішінде онкология). Полигондағы радиация әсерімен аурудың байланысының анықталуы маңызды. Бұл байланысты Шәкәрім көшесі, 2 «Б» мекенжайы бойынша Семей қаласында орналасқан Ведомствоаралық сараптамалық кеңес мамандары анықтайды.
** Аталмыш жәрдемақыны Семей полигонының радиациясы салдарынан алынған аурудан қайтыс болған азаматтардың отбасы алады (соның ішінде онкология). Науқастың тірі кезінде Семей ядролық полигонындағы радиация әсерімен байланысының анықталуы маңызды.



ЖҰМАДАН
ЖҰМАҒА ДЕЙІН...

+ 7 (727) 293 86 73

qazaq1913@nur.kz



САЯСАТ ЭКОНОМИКА БІЛІМ МӘДЕНИЕТ СПОРТ

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

«МЕДЕУ» МҰЗ АЙДЫНЫНДА КОНЬКИ ТЕБУДІ ТЕГІН ҮЙРЕТЕТІН САБАҚТАР БАСТАЛДЫ



«Медеу» мұз айдынында коньки тебуді тегін үйрету бағдарламасы басталды. Бұл туралы Алматы қаласының ақпараттық-спорттық хабы хабарлады.

27 қазанда «Медеу» мұз айдынында конькимен жаппай сырғанау маусымы ашылды. Қонақтар дұрыс сырғанауды үйрене жүріп, эстрада жұлдыздарының өнерін тамашалады. Сырғанаушылар арасында бағалы сыйлықтар да

ойнатылды. Сол күні кез келген қонақты коньки тебуді тегін үйрететін сабақтар басталды. Сабақтар тегін болғанымен мұз айдынының өзіне кіру ақылы. Кіру билеті мен конькиді жалға алу бағалары «Медеудің» баға көрсеткіші бойынша жүргізіледі.

Осылайша, «Спорттық Алматы» бағдарламасы аясындағы жоба қазанның 27-сі күні сағат 19.00-де басталды. Енді мұз айдында арнайы киім киген 20 нұсқаушы екі сағат бойы келушілерге көмек көрсетеді.

Коньки тебуді тегін үйрету бағдарламасы әр аптаның сенбі күндері сағат 19.00-ден 21.00-ге дейін өтеді. Жобаның мақсаты – «Спорттық Алматы» бағдарламасы бойынша қала тұрғындарын салауатты өмір салтына бейімдеу.

Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбекке мегаполиске келген 200 жаңа автобус көрсетілді. Сыйымдылығы үлкен жаңа автобустар №48 бағыт бойынша жүреді. Сонымен қатар, №12, 19, 40, 46, 56, 70, 77, 122, 123, 124, 137 бағыттар да күшейтіледі. 27 қазаннан бастап №36, 51, 125 бағыттағы ескі газельдердің орнына жаңа автобустар жүре бастады. Бұлар мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолайлы әрі тар көшелермен жүре алады. Бұдан өзге, №59, 69, 71 бағыттардың жылжымалы құрамы толық жаңарады. №8, 44, 74 бағыттар бойынша қосымша автобустар жолға шығады. №205 бағыт бойынша жаңа магистральды қозғалыс ашылады. Ол Райымбек даңғылы бойымен «Барлық» базарынан қаланың батыс жағын және «Жетісу» базарының шығыс жағын қамтиды. Бұл бағыт бойынша жолаушыларға жаңа 20 автобус қызмет көрсетеді. Алматы агломерациясы бойынша жолаушыларды тасымалдау сапасын арттыру үшін Қаскелең қаласына қатынайтын ұзындығы 12 метрлі автобустар жүретін жаңа бағыт ашу жоспарлануда. Ал, қалаға келген бұл төмен еденді ЛиАЗ маркалы автобустар кондиционер, бейнебақылау камераларымен жабдықталыпты.

«РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ БАТЫРЫ» АТАНҒАН ЕКІНШІ ҚАЗАҚ



1996 жылы Қап тауындағы қырғында 20 жасында қаза тапқан орынборлық оғлан Жантас Жолдинов 1998 жылы «Ресей Федерациясының Батыры» атанғанын біреу білсе, біреу білмес. Жантас Бақытжанұлынан кейін «Ресей Федерациясының Батыры» атанған екінші қазақ бар, ол – Серік Сұлтанғабиев. Ал, Қостанайдың тумасы Серік Ғазизұлы 42 жасында қандай ерлігі үшін көрші елдің батыры атанды?

Бұл оқиға 2014 жылдың 25 қыркүйегінде болған еді. Свердлов облысының Лесной қаласы маңындағы (Ресей Федерациясы) ішкі әскер бөлімінің полигонында оқу-жаттығу сабақтары жүріп жатқан. Саптағы сарбаздарының дайындық деңгейін полк командирі, полковник Серік Сұлтанғабиевтің өзі бақылап тұрған. Әскери әзірлік барысы әдеттегідей өтуде. Алаңдауға ешқандай негіз жоқ секілді көрінген.

Кенет... Кезегі бойынша құлашын керіп, кезенген жағына қарай енді лақтыра бергенде кіші сержант Алексей Теленин абайсызда қолындағы гранатасын жерге түсіріп алады. Ілгінен ажырап, іске қосылған граната небәрі үш-төрт секундта атылуға тиіс. Айналасына шашырайтын алапат жарықшақтардан ешкімнің аман қалмасы анық. Осының бәрін ойлап үлгерді ме, жоқ па, бізге беймәлім, серіппедей жиырылған Серік секіріп барып, жаңылысқан жауынгерді жанталаса итеріп жіберді де, жарылуға шақ қалған гранатаның үстіне жата кетті. Одан кейінгісін білмейді.

Кейін, көп күндерден соң есін жиганда Алла сақтап, ажал аузынан қайтқанын бір-ақ білді. Қайта үстіндегі бронды кеудеше қамсау болған. Жарылыстың салдарынан сау тамтығы қалмаған өне-бойын қалай ауырсынса да, нағыз қаһармандарша намысын қайрап, бәріне шыдап бақты. Көзін ашқанда жан жарының жарқын жүзін көріп, өзінің тірі екендігіне іштей шүкіршілік етті. Ұлы Русланды ойлағанда күдік жайлаған күпті көңілінің түкпірінде түн түңлігін түрген жарық сәулелдей үміт оты жылт ете қалды. Сондағы өлім мен өмір арпалысқа түскен тағдыршешті тайталаста Лесной қаласының қарайған халқы екі дүниенің ортасында жатқан қазақ баласының тілеуін тіледі. Қалың жұрт қаптап қан тапсыру акциясына қатысты. Дәрігерлер де аянып қалмады. Ақыры көп тілеуі қабыл болды. Бірнеше отадан кейін сарбаздарына ерлік сабағын жеке басының үлгісімен өткізген сайыпқыран сардардың беті бері қарады.

Арада екі ай өткенде Ресей Федерациясы Президентінің Жарлығымен полковник Серік Сұлтанғабиевқа «Ресей Федерациясының Батыры» атағы берілді. Ал, 2015 жылы 10 желтоқсанда Кремль терінде өткен салтанатты марапат тапсыру рәсімінде Серік Ғазизұлы өзіне тиесілі «Алтын Жұлдызды» Ресей Федерациясының президенті Владимир Путиннің қолынан алды.



Жауапты редактор:
Мадияр ӘЗИЗҰЛЫ

Мемлекеттің ертеңгі мықты тұғыры – жас ұрпақ. Өскелең ұрпақ қамын ойлау балалық шақтың басымдығын мойындататын терең моральдық құндылық екені де сөзсіз. Отанымыз алғашқы қадамынан бастап-ақ бала құқықтары туралы әлемдік конвенцияға ерекше мән беріп, соның талаптарының аясында жұмыс жүргізумен келеді. Бұл халықаралық келелі құжаттың елімізде жүйелі жүргізілуі жөніндегі Жарлыққа Елбасы 1994 жылы қол қойған болатын. Сонымен қатар, Президент өзінің бағдарламалық сөздерінде бала құқығын қорғау ісіне, жетім және ата-анасының қарауынсыз қалғандардың құқықтарын қорғауға мән беріп, басым шараларды нақтылап берді. Әсіресе, балалар үйінде тәрбиеленушілер санын мүмкіндігінше қысқарту, ондағы жұмысты тиімді ұйымдастыру, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы ұлттық деректер қорын құру жөнінде де нақты тапсырмалар жүктелді.

Бүгінгі таңда республикамызда 6 миллионға жуық бала бар десек, оның 27 274-і жетім және ата-анасының қарауынсыз қалғандар. Екінші деректегі балаларды отбасыларға орналастыру бойынша қазір жүйелі жұмыстар жүргізіліп, бұл оң өзгеріске бастап, көптеген өңірлерде жетім балалар азая бастады. Бұған нақты мысалдар келтірер болсам, осы санаттағы балалардың, яғни 20 841 (76 пайыз) ұл мен қызды мейірімі мол, алақаны аялы азаматтар өз отбасыларына алып, өнегелі тәрбие беріп келеді. Тек 6 223 (22 пайыз) жетім және ата-анасының қамқорлығына зәру бала 1 32 білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау мекемелерінің қамқорлығында екенін еске сала кетелік. Оның ішінде бір мыңнан астам ғана бала тұл жетім, қалған 83 пайызы әлеуметтік жетімдер санатына жатады. Олар ата-аналарының кері кетуінен жетім қалған балалар. Мына жайды да жұртшылықтың назарына салар болсам, 2017 жылдан бастап тағдырлы балаларды ниет білдірген отбасыларына беру мәселесі заңнамалық тұрғыда реттелді. Баланы қамқорлығына алған отбасыларды мемлекет қаржылай қолдап отыруға кепілдік берді.

Бала асырап алушыларды да материалдық жағынан ынталандыру ісі өз шешімін тапты. Айталық, жаны жомарт азаматтарға 75 айлық көрсеткіш көлемінде төлемақы (180 375 теңге) беру көзделген. 2015 жылдан бүгінге дейін 1 239 бала қамқоршысын тапса, оларға Үкімет есебінен 174 миллион теңгеге жуық жәрдемақы төленді. Бұл шаралар балалар үйлерінің азаюына әкелуде. Соңғы 5 жыл шамасында балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілер



Отанымыздың ертеңі де, өркені де – бүгінгі ұрпақ. Сол ұрпақтың тәлімді де тәрбиелі болуы алдыңғы толқынның парызы мен қарызы десек, еш қателеспейміз. Осыны ел болғалы бері ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев айтып қана қоймай, қолдан келген барлық мүмкіндікті жасап келеді. Мемлекет басшысы өзінің «Ұлы дала ұлағаттары» атты кітабында ұрпаққа қызмет көрсету сөз емес, істе басым тұру керектігін тарқата келіп: «Жастар біздің болашағымыз» дегенді жиі айтып жүреміз. Алайда айту бар да, оның мағынасына терең бойлау тағы бар. Бір қарағанда, бәрі де түсінікті. Әйтсе де, солай болуы үшін жұмыс жасаудың мәні тіптен бөлек», – деп қадап тұрып айтқаны бар. ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті осы үдеден шығу жолында тиісті жұмыстар атқарып келеді.

Нұрбек ОРШУБЕКОВ,
Білім және ғылым министрлігі
Балалардың құқықтарын
қорғау комитетінің төрағасы:




«БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – БАСТЫ МІНДЕТ САНАЛАДЫ»

Отбасы мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыстар

Соңғы 5 жылдықта қол жеткізілген жетістіктер:

балалар мекемелерінің желісі қалпына келтірілуде

балалар сабақтан тыс іс-шараларға қатысады, қосымша білім беру ұйымдарында өзіндік бағыттары мен дағдыларын кеңейтуге мүмкіндік алуда



саны 40 пайызға азайып, 10 мыңнан 6 мыңға төмендеді. Ал 4 445 бала өздерінің туған отбасына оралды. Осыған байланысты елімізде 50 балалар үйі қайта ұйымдастырылып, біразы жабылды.

Қазіргі уақытта елімізде отбасылық типтегі үш SOS балалар ауылы жұмыс істейді. Әлемде мұндай балалар ауылының жұмыс істей бастағанына 60 жыл болды. Ол балалар мүддесін, құқықтарын қорғайтын, қажеттілігін өтейтін әлеуметтік ұйым болып саналады. Осындай ауылдардың біздегі ұзын санына келсек, 9 мемлекеттік, 4 үкіметтік емес балалар және отбасы үлгісіндегі үйлер жұмыс істейді. Оның негізгі міндеті – ата-анасының қамқорлығынан айырылған балаларды жасытпай, замандастарының қатарында қоғам дамуына сай бейімдеу, бұған қоса ертеңгі болашағын анықтауға көмектесу. Өмірлік дағды ұстанымдарын орнықтыруға жәрдемдесу, отбасылық, моральдық-рухани құндылықтарды танып, білуге дағдыландыру. Бұған қоса отбасылық үлгідегі 26 балалар үйіне қамқор бола отырып, орайы келсе тұрғыстарын табуға сеп болу. Ондай үйлерде қазір 1 18 бала тәрбиеленіп жатыр.

Балалар үйінің тәрбиеленушілерін әлеуметтендіру мақсатында мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберінде

2014 жылдан бастап балалар үйінің әрбір тәрбиеленушісіне жоғары оқу орнында, колледждерде мамандық алуына мүмкіндік жасау мақсатында арнайы есепшоттар ашылған. Бұл жұмыстың аясында 7 779 тәрбиеленушіге 5 миллиард теңгеден астам сомаға қайырымдылық көмек көрсетілді. Бүгінгі таңда ЖОО мен колледждерде ақылы негізде 245 түлек білім алуда. Оларды әлеуметтік жағынан бейімдеу және өз бетінше өмір сүруге дайындау үшін жастар үйлері де ашыла бастады. Онда ЖОО және колледждерде білім алу барысында талаптанып жүрген 16-23 жас аралығындағы балалар үйінің түлектері тұрады. 2013 жылдан бастап осы санаттағы балалардың баспана алу құқығы бірінші кезекке шығып, олардың арасында заңды тұлғалардың баспанасын сақтап қалу жауапкершілігі де заңмен бекітілді. Балалар үйлерінің түлектері үшін ЖОО және колледждерге түсу кезінде мемлекеттік білім беру грантының 1 пайызы қарастырылғаны белгілі. Олардың білім алу барысында тегін баспанамен, тамақ, киіммен, медициналық көмек, оқулықтармен қамту, стипендия алу бойынша да көп жағдай қарастырылған. Осы санаттағы балалар асыраушысынан айырылғандығы, мүгедектігі дәйектелсе, жәрдемақы алуға құқығы бар.



1. Қазақстан Республикасының балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясатының мақсаттары:
- 1) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу;
 - 2) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру;
 - 3) бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдар құру;
 - 4) көмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі нысаналы жұмысты қамтамасыз ету болып табылады.
2. Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат мемлекеттік органдар қызметінің басым саласы болып табылады және:
- 1) баланың құқықтарын заң тұрғысынан қамтамасыз етуге;
 - 2) балаларға толымды тәрбие беруді, олардың құқықтарын қорғауды, оларды қоғамда толымды өмір сүруге дайындауды қамтамасыз ету мақсатында отбасын мемлекеттік қолдауға;
 - 3) аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеуге және сақтауға;
 - 4) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарды мемлекеттік қолдауға негізделген.

(Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы).

Жетімін жылатпаған халқымыздың шапағатты азаматтары, бүгінгі тілмен айтсақ, меценаттары да қол ұшын беруде. Бұл бойынша еліміздің барлық аймағында кәсіпкерлер, ірі мекемелер, бизнес құрылымдар қызметкерлері жанашырлығымен жетім балаларға қолдау көрсету ісінде кешенді жоспар жүзеге асырылуда. Осының шеңберінде білім алған жастар жұмысқа орналасып, баспанаға қол жеткізіп, ел дамуына өз үлестерін қосуда.

Қазіргі таңда Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Ақмола облыстары, Алматы және Астана қалаларында қамқорлық және қорғаншылық органдары әлеуметтік жетімдіктің алдын алу бойынша үкіметтік емес ұйымдармен өзара келісім жасауды жақсы жолға қойды. 2017 жылдың алғашқы айынан бастап жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасында тәрбиелеуге тілек білдіргендерге республикалық деректер банкі көп көмек көрсетуде. Сол деректер банкі нәтижесінде 3 640 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала түрлі отбасынан пана тапты. Мысалы, 375 баланы отбасылар асырап алса, 621 бала патронаттық тәрбиелеуге беріліп, 2 644 бала қамқорлыққа қол жеткізген. 2018 жылдың 5 айында бұл көрсеткіш 7 11-ге артты. Елімізде әлеуметтік жетімдікке жол бермеу үшін де елеулі жұмыстар атқарылып келеді.

Иә, жанашыр азаматтармен бірлесіп шешетін мәселелер де аз емес. Оның бастысы, кей облыс пен қалалардағы балалар үйінің ескі тәсілмен жұмыс істеп жатқаны дер едім. Бұл тұрғыдан келгенде Алматы қаласы, Алматы, Шығыс

Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы балалар үйіне серпіліс керек болып тұр. Бұған қоса, балаларды әлеуметтендірудің басты мәселесі, нақтылай түссек, балалар үйлері түлектерін қоғам дамуына қарай өмір сүру үрдісіне сай бейімдеу жайы да ойландырмай қоймайды.

Бір атап өтерлігі, балалардың балалар үйіне қайта оралуы сиреді. Әйтсе де, өткен жылы 125 бала балалар үйіне қайта оралды. Бұл көрсеткіш 2015 жылмен салыстырғанда 2 есеге (246), 2016 жылмен өлшегенде 1,5 есеге (195) аз деуге болады. Әрине, барған жеріне тастай батып, судай сіңгенге не жетсін?!

Тәуелсіз еліміздегі қолға алынып жатқан келелі істің бірегейі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған отбасы институтын жетілдіріп, тірлігін нығайту басты міндетке айналды. Біз мұны тиянақты түрде жүзеге асырсақ, тірі жетім болмайды. Айрандай ұйыған отбасы қалыптасады. Жақсы отбасынан жат мінезді ұрпақ өсіп шықпайды. Бұл істе біз балалар үйін және орталықтарды заманға сай ұйымдастырып, қалыптастыруды қолға алдық. Сол орталықтардан бала алуға ниет білдірген ата-аналарды алдын ала дайындау, қиын жағдайға тап болған отбасыларын анықтау, себебін біліп, салдарын жою, ана мен бала құқығын сақтау – айналып келгенде еліміздің келешегі саналатын барлық ұрпақты кемел етіп өсіру. Бұл істе әрбір ата-ананың, қоғамдық ұйымдардың, жеке тұлғалардың атқарар жұмысы аз емес.

Тобықтай түйін

«Отбасында адам бойындағы қасиеттер қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған–туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады. «Отбасының өнегесі – Отан өнегесі» деп жазған еді кезінде Бауыржан Момышұлы. Бұл жай ғана сөз тіркесі емес, зор мағыналы салмағы бар, жанға жылу, қанға қызу беретін сөз», – деген еді Мемлекет басшысы. Ендеше, болашағымыздың тірегіні тәрбиелеуде бүгін кішкентай болғанымен, ертеңгі мықты азаматтарымыздың заманға сай білімді де білікті болып қалыптасуы жолында олардың дәл қазір құқығын қорғау, қолдау басты міндет саналады.



БАЛАҒА ЖӘРДЕМІ КӨП ЖОБА



СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Анар ІЗДЕН, БҰҰ Балалар қорының Қызылорда облысындағы үйлестірушісі:

«БАСТЫ МАҚСАТ – БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ»

– Аталған жоба Еуропалық Одақ пен ЮНИСЕФ-тің «Балалар үшін әділ сот төрелігі жүйесін нығайту мен олардың құқықтарын қорғау» бірлескен бағдарламасы аясында жергілікті биліктің қолдауымен жүзеге асуда. Мақсаты – балалар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу. Жоба аясында «Сыр ұландары» орталығы мен ювеналды полиция, ювеналды сот және қамқоршылық органдары бірлесіп қауіп-қатер тобындағы балаларды анықтау және оларды оңалту жұмыстарын атқаруда. Сондай-ақ, заң бұзған балалар да назар нысанасына ілікті.

«Сыр ұландары» орталығы пилоттық жоба аясында ашылған еліміздегі үш орталықтың бірі. Қалған екеуі Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарында ашылған. Ол жақта да зардап шеккен немесе қылмыс куәгері болған, тәртіп бұзушы ретінде сот жүйесіне енген балаларға көмек көрсетіледі.

Енді патронажды қызмет босанған ананың күйзеліске ұшырағанын анықтап, баланы тәрбиелеудің қыр-сырын, үйде мейірімді орта мен қауіпсіз жағдай жасауды үйрете алады. Сондай-ақ, жанұяда зорлық-зомбылық анықталған жағдайда ведомствоаралық бақылау жүргізеді. Бұл ретте әкімдік, әлеуметтік қызметкерлер, ювеналды инспекторлар бірлесіп жұмыс істейді. Осылайша, жаңа модель жанұядағы балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуға септігін тигізеді.

Байқайсыз ба? Соңғы кездері ата-ана, қоғам тарапынан болсын балаларға қатыгездік танытатындар көбейді. Жәбір көрсетеді, қараусыз қалдырады, құқығын таптайды, қылмысқа итермелейді. Дегенмен, осы балалардың құқықтарын қорғаудың арнайы халықаралық тетіктері мен құралдары бар. Бұл БҰҰ-ның жанынан құрылған Балалар қоры.

Балаларға қатысты әділ заңдар жүйесін дамыту тәжірибесін зерттеу үшін және отбасындағы балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында БҰҰ-ның Балалар қоры (ЮНИСЕФ) Қызылорда қаласында медиа тур ұйымдастырды. Онда БАҚ өкілдері «Балалар үшін әділ сот төрелігі жүйесін нығайту мен олардың құқықтарын қорғау» атты Еуропалық Одақ пен ЮНИСЕФ-тің бірлескен бағдарламасы аясындағы пилоттық жобаның жай-жапсарына қанықты. Бұл жобаның басты мақсаты – қылмыс жасауға бейім балалармен жұмыс жасаудың балама түрлерін қарастырып, оларды сауықтыру мен қоғам ортасына қосу.

Жобаны жүзеге асыруда әкімдіктің, ювеналды полицияның, үкіметтік емес ұйымдардың, әлеуметтік қызметкерлердің, психолог пен қауіп тобындағы балаларды оңалту мен әлеуметтендіру мектептерінің бірлескен кешенді және өз өмірі үшін жауапкершілікті сезінуіне атсалысады. Құқық бұзушылыққа барған балаларға заңнамалық, психологиялық және әлеуметтік көмек беріледі. Жалпы, «Сыр ұландары» еліміздегі балаларға негізінде әділ сот төрелігі жүйесін қалыптастыруға бағытталған пилоттық жоба аясында ашылған. Мұндай орталық республика бойынша үш қалада ғана бар.

Қоғамдық бірлестік директоры бүгінде орталықтан 64 жасөспірім әлеуметтік-психологиялық қолдау және көмек алғанын жеткізді. Балаларды оңалтуға жасөспірімдер істері жөніндегі арнайы мамандандырылған соттың шешімімен жолдама беріледі. Бағдарлама бойынша 52 жасөспірім бітірді. Орталықта арнайы бағдарлама негізінде жұмыс жасалды. Мәселен, арнайы мектеп пен колония балалары 91 пайыз жағдайда қылмысты қайталайтыны белгілі болған. Ал, балама бағдарлама аясындағы шараларға қатысқан балалардың 1 пайызы ғана қайтадан қылмысқа барады екен.

Кездесу барысында журналистер ата-ана және балалармен жеке-жеке отырып сөйлесті. Мәселен, мұнда келгендеріне біршама уақыт болған ата-аналардың бірі қиын жағдайға тап боламыз деген ой ешқашан мазаламағанын айтты. Себебі, баласы тәртіпті, оқу үлгерімі жақсы болған. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, өз ойын ашық жеткізеді екен. Тек анасы ұлының достарына көңіл толымағанын айтты. Мәселен, баласына да талай ескертеді. Бірақ, оған баласы құлақ түре қоймайды. Бірде түс мезгілінде бұл отбасы жайсыз хабар естіп, сенер-сенбестерін білмей қалады. Ұлдары қатарластарымен бірігіп, бұзақы әрекетке барып, арты үлкен төбелеске ұласады. Салдарынан баланың бірі зардап шегеді. Бұзақылық жасағандарға тәртіптік шара көріледі. Баланың ішкі дүниесі де алай-дүлей күй кешеді. Бұрын өзін еркін ұстайтын ол тұйық тала бастайды. Содан ата-анасы «Сыр ұландары» қоғамдық бірлестігі жайында естіп келеді. Мұндағы білікті мамандар дер кезінде бала мен ата-анаға барлық жағынан қолдау білдіріп, нәтижесінде бала қайта қалпына келеді. Қоғамдық жұмыстарға араласып, спортпен айналысады. Нәтижесінде жасөспірім қазіргі кезде түрлі спорттық байқауларға қатысып, жеңіс тұғырынан көрініп жүр.



Мұндағы балалармен әңгімелесу барысында бірлестіктің атқарып жатқан жұмыстарының оң нәтижесін байқадық. Көңіліне ұялаған сенімсіздік жойылып, өмірге деген құштарлығы оянған олар бүгінде сүйікті істерімен айналысады екен. Бірі кәсіпкерлікті таңдап, алдына биік мақсат қойыпты. Енді бірі ата-анасы мен бауырларына қолғабыс етіп, бірлесіп жұмыс жасауда. Балалармен еркін әңгімелесу барысында олардың өмірге деген көзқарасы өзгергенін аңғардық. Бәрінің де арманы бар және оған жету үшін еңбек етуді де біледі. Кезінде шалыс басқандарын, енді ол жолды қайталамайтындырына сенім білдірді. Орталықта балаларға бар жағдай жасалған. Қызметкерлер мен жасөспірімдер жұмыс жасайтын бөлме де бар. Балалардың қолынан шыққан шығармашылық жұмыстары да жинақталыпты. Сондай-ақ, «Сыр ұландары» мен «Жастар денсаулық» орталығы бір ғимаратта орналасыпты. Орталық жастар денсаулығына тікелей жауапты. Мұнда келген жастар тіркеу бөліміне тіркелгеннен кейін қажетті дәрігердің кеңесіне жүгінеді екен.

Мұнан кейінгі нысан облыстық көмекке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты болды. Өткен жылы ауданаралық сотында 58 адамға қатысты қылмыстық іс қаралса, оның ішінде 31 і-көмекке толмағандар екен. Олар «Абайсыздан қазаға ұшырату», «Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері», «Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру», «Қаруды заңсыз жасау», «Жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқыру не қорқытып алу» қылмыстық істері бойынша сотталған. Облыстық көмекке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында «Альтернативті сот әділдігі» пилоттық жобасы 2015 жылы енгізілді.

Жоба аясында сот процесіне қатысушы көмекке толмаған жәбірленушілерге, куәларға және сотталушыларға ғимараттан ЮНИСЕФ-тің қолдауымен арнайы бөлме қарастырылды. Онда балаларға арналған жиһаздар, кітаптар және аудиобейне қондырғысы бар компьютер орналасқан. Осы құрылғы алдында отырып жәбірленуші мен куәгер сот процесі жүріп жатқан залға, тікелей судьяға түсінік беріп, сауалдарына жауап қайтарады. Мұндағы басты мақсат жәбірленуші өзіне қатысты қылмыс жасаған қылмыстықтармен тағы да кездеспеу, психологиясына кері әсерін тигізбеу үшін қолға алынды. «Альтернативті сот әділдігі» бағдарламасына сәйкес «Сыр ұландары» қоғамдық бірлестігіне барлығы 12 бала қатысыпты. Мұндағы атқарылып жатқан жұмыстар мен көмекке толмаған жасөспірімдердің құқықтары мен мүдделерін қорғау барысында сотта жүргізіліп жатқан шаралардың маңыздылығы, балалардың қатысуымен болатын сот отырысын өткізу тәртібінің ерекшеліктері, өткен жылдармен салыстырғандағы көрсеткіштері турасында судья Қайратбек Бержанов айтып өтті. Судьяның айтуынша, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың басым бөлігі ұрлық, тонау бабы бойынша орын алады екен.

Одан әрі шара облыстық балалар ауруханасындағы Тиімді технологиялар тренингі орталығында жалғасты. Бұл орталық 2017 жылы ашылып, «Балалық шақ ауруларын ықпалдастыра емдеу» бағдарламасын әрі қарай дамыту бойынша тиімді жұмыстар атқарып жатыр. Онда 6 маман қызмет істейді. Орталық меңгерушісі, жоғары санатты педиатр Жұмажай Әбенова тренинг орталығының жұмысымен таныстырып шықты. Жалпы, мұндағы басты мақсат – өңірдегі 5 жасқа дейінгі балалар арасында аурушандық, мүгедектік пен өлім-жітімдіктің көрсеткіштерін төмендету, балаларға көмек көрсететін медициналық ұйымдары бастапқы медикосанитарлық көмек көрсету және стационарлардың барлық құрылымдар қызметкерлерін үздіксіз оқыту. Сонымен қатар, медицина қызметкерлерінің теориялық және тәжірибелік деңгейін мониторингтеу, жүкті әйелдердің, нәрестелердің және 5 жасқа дейінгі балалардың үйлеріне патронаждық қызмет көрсету жүйесінің жетілдірілген әмбебап моделі бойынша медицина қызметкерлерін оқыту, консультативтік, әдістемелік көмек көрсету және облыстағы нәресте мен балалар өлім көрсеткіштері жағдайына талдау жасау да осы бағдарлама шеңберінде жүзеге асады. Орталықта патронаждық қызмет және дені сау бала күтімі, науқас бала күтімі, қалта анықтамасы, баланың дамуын бақылау және қосымша тамақ дайындау бөлмесі жасақталған. Біз барғанда орталықта кезекті дәрігерлер тобы тәлім алуда екен. Өткен жылы орталықта 803 медицина қызметкері оқытылса, биылғы жылдың бірінші тоқсанында 258 маман білімін жетілдірген. Айта кетерлігі, «Денсаулық» бағдарламасына сәйкес жол картасы бойынша 2018 жылы аймақтағы емханалар түгелімен патронаждық қызметтің әмбебап-прогрессивті моделіне өтті. ЮНИСЕФ ұлттық тренерлерінің бекітуімен «патронаждық қызмет» оқу процесі 10 күнге ұзартылды. Практикалық жұмыстар көбейді. Сонымен бірге жоспарды орындау мақсатында орталықтың тренер мамандары әрбір аудандарда болып, жұмыс орнында оқыту шарасын іске асырды.

Медиа турдың тағы бір нысаны қаладағы №6 емхана болды. Осы ретте 2016 жылы ЮНИСЕФ пен ҚР Денсаулық

сақтау министрлігі, облыс әкімдігі бірлесіп, 2 қалалық емхана мен Жаңақорған аудандық емханасында патронаждық медбикелік қызмет көрсетудің, яғни, үйге барып ем берудің әмбебап-прогрессивтік жобасын енгізді. Осы пилоттық жобаның арқасында патронаждық медбикелердің, әлеуметтік жұмысшылардың және жалпы тәжірибедегі дәрігерлердің қызмет көрсету сапасы артып, кәсіби білімдері шыңдала түсті. Бағдарлама аясында ЮНИСЕФ жобалық тобының мамандары медбикелерге, емхана жетекшілеріне 14 модуль бойынша жүкті әйелдер мен 5 жасқа дейінгі баласы бар отбасылармен жұмыс жасаудың әмбебап-прогрессивтік әдісін үйретті. Үйде көрсетілетін пилоттық қызметтерді бақылайтын және сапасын бағалайтын ортақ құрал жасады. Патронаждық медбикелер босанған ананың күйзеліске ұшырағанын анықтауға, ата-аналарға баланы тәрбиелеудің қыр-сырларын және қауіпсіз жағдай жасауды үйретеді.

Жоба аясында №6 қалалық емханада 18 патронаждық медбике жұмыс атқарады екен. Ал, 34 медбике патронаждық қызметке байланысты оқытылған. Бұл жайында емхана бас дәрігерінің ана мен бала жөніндегі орынбасары Индира Ермаханова кеңінен әңгімеледі.

«Әйел жүкті болғаннан кейін 12 аптада тіркеуге тұрады. Біз осы уақытта оның денсаулығымен қатар әлеуметтік жағдайын да бақылаймыз. Дұрыс тамақтануын, көңіл күйін қадағалаймыз. Бұл қызметтерді патронаждық медбикелер атқарады», – дейді ол.

Бастапқы кезде бұл қызметті ата-аналарға түсіндіргенде олардың қатарында қарсылық танытқандар аз болмаған. «Өз баламды өзім қалай тәрбиелесем де болады. Бұл сендердің міндеттерің емес» дегендер де кездескен.

«Біз де патронаждық қызметтің керек екенін түсіндіруге барынша тырыстық. Жаңа босанған жас ананың күйзелісін жеңуіне, баланы алғаш емшек сүтімен емізу техникасын, 6 айдан асқан баланы дұрыс тамақтандыру жолдарын үйреттік. Әлеуметтік жағдайын да қадағалап, көмек керек отбасыларына да қамқорлық таныттық. Нәтижесінде бүгінде бізді аналардың өздері іздеп келетін болды», – дейді медбике Гүлмира Сансызбаева.

ТҮРКІМЕНСТАН
ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ **«СОЛТҮСТІК**
КОРЕЯСЫНА» ҚАЛАЙ
АЙНАЛАДЫ?

↑ 5,7 миллион халқы бар Түркіменстан көгілдір отынға бай ел. Биылғы жылға дейін бензинді, газды, суды, тұзды, электр қуатын тегін пайдаланып келген түркімендерге тамсанатын, ал президенттерінің кейбір шешімдерін түсінбейтін әлемде ел көп. Оның үстіне әлемдік қауымдастық Түркіменстанды Орталық Азияның «Солтүстік Кореясы» санайды. Өйткені, бұл сыртқа есігін аша бермейтін «жабық ел». Ал, бүгінгідей ХХІ ғасырда томаға-тұйық тіршілік кешіп, өз қазанында өзі қайнап жатқан елдердің дамудың даңғыл жолына түсіп кетулері оңай емес. Нарық заманында тым құрығанда көрші елдермен алыс-беріс пен барыс-келіс еш артықтық етпейді. 105 жылдық тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін түркімен кілемі және ақалтеке сияқты арғымақтарымен әлемге танылған оңтүстік-батыстағы көршіміз Түркіменстанның тыныс-тіршілігіне қызыға отыр.

**БЕРДІМҰХАМЕДОВ
АТАҚ-ДАҢҚЫН
МАРҚҰМ НИЯЗОВТАН ДА
КАБАЙ АСЫРДЫ**

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бұрынғы 15 республикадан тұран алып империя құрамындағы елдер өз жөнімен кетті. Бірі дамуында жара жолын таңдаса, енді бірі авторитарлық, режимді күш көрді. Олардың ішінде ешкімнің іші жаме сыртқы ісіне араласпай, өзімен-өзі өмір сүру жолын таңдағандар да жоқ емес еді. Ол, яғни, бейтарап саясат ұстанған мемлекеттер. Посткөткенік елдер ішінде бірінші болып осы

жолды Түркіменстан таңдады.

Иә, Түркіменстан 1991 жылы 27 қазанда Кеңес Одағынан бөлініп, өзінің тәуелсіздігін жариялады. 1985-1991 жылдары Түркіменстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болған Сапармұрат Ниязов тәуелсіз Түркіменстанның тұңғыш президенті болды. Осылайша, табиғи газға бай елде Ниязов дәуірі басталды. Президенттік билік қолға тиісімен өзіндік саясат жүргізді. Аз жылдың ішінде КСРО құрамында болған Түркімен КСР әлемдегі санауды «жабық елдің» бірі болып Орталық

Әлемдік қауымдастық Сапармұрат Ниязовты диктатор санады. Ал, айналасыздарға жағымпаздар оның атақ-даңқын асыруға бар күштерін салды. Түркіменстан Парламентінің арнайы қаулысымен Сапармұрат Ниязовқа «Түркіменбасы» деген атақ берілді. Бұрынғы Красноводск қаласы Түркіменбасыға өзгертіліп, ондаған көшелер мен зауыттар, кешарлар мен мектептер тұңғыш президенттің атымен аталды. Жер-жердегі ұйымдар мен мекемелердің алдына, көшедегі көліктердің маңдайшаларына Түркіменбасының портреттері ілінді. Бас-аяғы 14 мыңнан астам алтын жалатылған ескерткіштер мен бюсттер жасалынып, әр аймақта орнатылды. Ес білген баладан еңкейген кәріге дейін Түркіменбасы жазған түркімен халқының тарихи-рухани өсу жолы жайындағы «Рухнама» кітабын жаттады. Міне, осылайша Сапармұрат Ниязов көрістер Құдайындай көретін Солтүстік Кореяның 1972-1994 жылдардағы басшысы Ким Ир Сен

Түркіменбасы 2006 жылы 66 жасында жүрек

Рас, 1999 жылы Түркiмiстанда жүргiзiлген жалпыхалықтык референдум бойынша Сапармұрат Ниязов «Мәңгiлiк президент» болды. Жалпы, бұл ұғым тарихта болған. Мәселен, 1802 жылы Наполеон өзiн мәңгiлiк президент атаған. Мұндай жағдай XX ғасырда да аз болған жоқ. Айталык, президенттер Рафаэль Каррера (Панамела), Франсуа Дювалье (Гаити), Иосип Броз Тито (Югославия), Хосе Гаспар Родригес де Франсиса (Парагвай), Сукарно (Индонезия) және Квеме Нкрума (Гана) өздерiн мәңгiлi патша санал, билiк басында өмiрлерiнiң соңына дейiн

«Медальдың екі қыры бар» дегендей, Сапармұрат Ниязов культ-тұлғаға айналғанымен, оның тұсында Түркіменстанда газ, тұз, су, бензин, электр қуаты тегін болып, ел астанасы – Ашхабад

Түркіменстанның Конституциясы бойынша Сапармұрат Ниязовтың қазасынан кейін президенттік билік сайлау өткенге дейін Түркіменстан Мәжілісінің төрағасы Овезгелді Атаевқа өтуі тиіс-тің. Дегенмен, күтпеген жерден оған қарсы қылмыстық іс қозғалып, Мемлекеттік қауіпсіздік кеңесінің шешімімен Сапармұрат Ниязовты жерлеу комиссиясы басқару және президенттік міндетті уақытша атқару 2001 жылдан Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары

Ғұрбаноглы Бердімұхамедовке жүктелді.

«Қуырдақтың көкесін түіе сойғанда көресің дегендей, 2006 жылдың 26 желтоқсанында Халық мөлсатының басқосуына қатысқан 2 507 делегаттың бәрі бірауыздан Ғұрбаноглы Бердімұхамедовті қолдап, Түркімстан президентігіне үміткер ретінде ұсынды. Сөйтіп, 2007 жылдың 11 ақпанында өткен президенттік сайлауда Бердімұхамедов сайлаушылардың 90 пайызға жуық дауысын иеленіп, тәуелсіз елдің екінші президенті атанды. Ал, 2012 жылғы сайлауда 97,14 пайыз, 2017 жылғы сайлауда 94,27 пайыз дауыс жинап, үш мәрте президенттік «таққа» қайта отырды».

Сапармұрат Ниязовтың қазасынан кейін Ғұрбаноглы Бердімұхамедов «өзі жоқтың – көзі жоқ» саясатын ұстанды. Бұл туралы кезінде «Qazaq» газетінде кеңінен жазғанымызды көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Сондықтан бұл тақырыпты қысқаша ғана қайталап өтудің де

Рас, тұңғыш президенттің қолымен жасалған кейбір жаңалықтар өзгеріске ұшырады. Айталық,



2007 жылғы 22 ақпанда жаңа президент Отанға адалдық антты мәтінінен өлең түріндегі «Ұлы Түркіменбасы» қосымшасын алдыртты тастады. Осы сияқты жергілікті газеттердің алғашқы беттерінен Сапармурат Ниязовтың портреті мен «Рухнамадан» алынған сілтемесі біртіндеп ығыстырылды. Оның орнына Ғұрбаноглы Бердімұхамедовтің фотосуреті және инау-ғарияда сөйлеген сөзі басылды. Барлық мекемелер мен ұйымдардың қазақ серелерінде тұратын «Рухнама» кітабы жинап алынды. Оны мекемелерде оқыту қысқартылды. Ол бойынша міндетті түрде емтихан тапсыру талабы

жойылды.

Бұдан бөлек, сол жылдың 15 наурызында президентік штаңдарттан тұңғыш президент Сапармурат Ниязовтың есімі өшіріліп, орнына «Түркіменстан Президенті» деген сөз жазылды. Түркіменбасының тұсында жабылған Ұлттық ғылым академиясы, ғылыми-зерттеу институттары мен ауылдық емханалар қайта ашылды.

Сонымен қатар, 2009 жылдан басылымдар, көше мен елді мекен атауларынан Ниязов пен оның туыстарының есімдері алынып тасталды. Ашхабадтағы Күнмен бірге айналып тұратын Түркіменбасының алтынан жасалған алып ескерткіш қиратылды. Есесіне, Ниязовтың ізбасары өзінің туыстарын ұлықтап жүр. Айталық, көзі тірі әкесінің есімі әскери бөлімге, мәдениет үйіне беріліп, еңселі ескерткіші бой көтерді. Марқұм атастың да арығын пайдаланған. Немесе атастың

Осылайша, 2007 жылы Түркіменстанда Ғұрбановлы Бердімұхамедов дәуірі басталды.

Екінші президент көзі тірісінде-ақ культ-тұлғаға айналған Сапармұрат Ниязов жасаған өзгерістерді жоққа шығаруға тырысты, тырысып та жүр. Бір қызығы, Түркіменстандағы жеке басқа табынушылықтың өзі қайта бастады. Оңтүстік-батыстағы көрші елдің қазіргі культ-тұлғасы – Ғұрбаноглы

Бердімұхамедов.

Елге сіңірген «ең-
бегін» бағалаған
түркімен халқы оны
«Үлгі көшбасшысы»,
«Арқадаг» (қамқоршы)
деп жариялады. Елдің
ар бұрышында екінші
президенттің алып
ескерткіші орнатылып,
оның есімімен мекеме,
көше атаулары атала
бастады. Мектептерде
Бердімұхамедовтің
кітаптары Низовтің
«Рухнамасын» алмас-
тырды. Қазірдің өзінде
екінші президенттің
кітаптары мектеп-
бағдарламасында бар.

Мәселен, оның «Ігі атың

мәңгі есте қалады» атты

Енді саясатқа қатысы жоқ тақырыпқа да тоқталайық. Бердімұхамедовтің ат спортына, футболға, қару жинауға әуестігі де бар екендігін жиі байқаймыз. Ел шұлаған тағы бір жағдай, оның өз туған күніне миллиондаған долларға шетел әншілерін шақырып, олармен көңіл көтергендігі еді. Әсіресе, Голливуд актрисасы Дженифер Лопес қазір Түркіменстанның жиі

Қағанағына айналған.

Кітап та жазатын (11 жылда алуан тақырыптағы 33 кітап жазған), әнде шығаратын, ол әндерін бір өзі орындайтын, медицина ғылымының да, экономика ғылымының да докторы, айналырған 11 жылдың ішінде түрлі 45 атак алған Түркіменстанның «сегіз қырлы, бір сырлы» президенті американдық «Foreign Policy» журналы әлемдегі ең қатыгез бес диктатордың бірі санайды. «Press Freedom Index» тізімінде сөз бостандығы мүлдем жоқ елдердің қатарында тұр. Саяси тұтқындар санынан да алдына ешкімді

Цирк, опера және балет театры, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары атымен жоқ, өз халқына қара түсті көлік мінгізбейтін, темекі тартқызбайтын, әйелдері көлік жүргізбейтін, 30 жасқа толмаған ер-азаматтарды шетелге шығармайтын, «YouTube», «Facebook» секілді интернет ресурстарына заңмен тыйым салған, халқының 5 пайызы ғана интернетті қолданатын

КЕДМЕСКЕ КЕТКЕН

Жоғарыда Түркіменстанда Бердімұхамедов дәуірінің дүрілдеп тұрғанын жаздық. Десе де, Ниязов тұсындағы жеңілдіктерді бірқатар жойылды, қалғандары таяу уақытта жойылатын түрі бар. Айталық, Ниязовтың тұсында тегін болған бензин 2008 жылдан бастап мөлшерлер беріліпті болды. Ай сайын автокөліктерді иелері – 120 литр, жүк көліктері мен автобустардың иелері – 200 литр, ай мотоцикл иелері – 40 литр бензиннің таловын тегін алды. Осы мөлшерден асса, бензин бағасынан 8 есе артық коммерциялық бағамен сатылады. Бірақ, коммерциялық бағаның өзі сол жылы тек 15 АҚШ центіне тең немесе Қазақстандағы бағадан 5 есе, Ресейде бағадан 6 есе арзан еді. Түркіменстандағы бензинге қатысты азайған жеңілдіктің көлемі мұнымен шектелмеді. Ғұрбаноглы Бердімұхамедов 2014 жылғы 1 шілдеден бастап тұрғындарға ай сайын тегін бензин үлестіруді жою туралы

Жаралкы шыгарды.

Бытлык казан айында Аксакалдар кенесинде сөз сөйлөгөн Ғұрбаноглы Бердімұхамедов электр қуаты, газ, су және түзді тұтынушы кезең-кезеңімен ақылы жүйеге көшуді үрейіне кіргізгендігі айтылған.

«Соң жылдары төндессіз ерекше жеңілдіктердің ұсынылуы – әлемдегі қиын экономикалық жағдай кезінде жақсы өмір қалыптастыру, азаматтарды нарықтық экономикаға бейімдеу болды. Нарықтық қатынастар жағдайындағы елдің терең экономикалық жағдайы ұлттық, байлықты үнемді пайдалануды талап етеді. Халық табысының артуы, жұмыс өнімділігінің жоғаруы әлеуметтік жеңілдіктерді ақылы етуге мүмкіндік береді», – деп түсіндірді бұл

Осыған дейін Түркістан халқы тұзды, газды, электр қуаты мен суды ешқандай лимитсіз тегін тұтынып келді. Бұл әлеуметтік көмектерді ақылы ету туралы алғаш рет 2015 жылы сөз болды. Кейін 2016 жылы Бердімұхамедов бұл ұсынысқа келісті. Бірақ, кейін президент кенеттен ел бюджеті аталған жеңілдіктерді тегін күйінде сақтауға мүмкіндік беретінін жариялады. Енді президент қайтадан жеңілдік жүйесі пайдасыз

Ресми Ашхабадтың мәлімдеуінше, жеңілдіктерді қысқарту жөніндегі ұсынысты Ақсақалдар кеңесі көтеріпті. Олардың айтуынша, қуатты және бақытты кезеңде өмір сүріп жатқан түркімұңгерлер газ, су, тұз және электр қуатының төлемәқысын өз қиындықсыз төлей алатын жағдайға жетті.

Осылайша, Бердімұхамедовтің бүгінгі дәуірінен Ниязовтың тұсындағы жеңілдіктер мерзімінен бұрын келмесе кетті. Ал, ол жеңілдіктер 1993 жылы тәуелсіз елдің тұңғыш президенті Сапармұрат Ниязовтың қаулысымен пайда болып, 2030 жылға дейін күшін жоймауға тиіс еді.

Түркіменстанды өмірінің соңына дейін басқарған Сапармұрат Ниязов 1993 жылы «Алтын ғасыр» бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті. «Жабық елде» қаншалықты «алтын ғасырдың» болғанын түркімендердің өздерінен басқа ешкім білмейді. Бір анығы, тұңғыш президент өз халқын тегін ауыз су, газ, тұз және бензинмен

қамтамасыз етті. Ал, 2007 жылы билік басына «Алтын ғасырды» артқа тастаған, «Алып күш және бақыт дәуірі» бағдарламасын бастаған Ғұрбановлы Бердімұхамедов келді. Жағымпаз

атқамінерлерден «Ұлт көшбасшысы», «Ұлт қамқоршысы» атақтарын алғаннан кейін Бердімұхамедов Ниязов тұсындағы бірқатар жеңілдіктердің көзін жойды. Ресми Ашхабадтың

ұстанымы бойынша, түркімендердің қазір жағдайы жақсы, жеңілдіктерге мұқтаж емес. Әрине, түркімендердің тұрмысы түзелді ме, әлде олар тығыздыққа тіпелді ме, енді «жабық ел» егі»



Италия	57,2	59,2
--------	------	------

болды. Қазір Түркіменстанның сыртқы істер министрінің орынбасары, Бүлбилікәріптің де осы бағырдағы. Бонга ұрған, бойға таңауын бекет.



КӘСІПТЕН КӘСІП

Ахмет Байтұрсынұлы: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек...»

Әлия Іңкәрбекпен



Ұсыныс-пікіріңіз болса, хабарласыңыз:

РЕДАКЦИЯ



+7 (727) 293-86-73



qazaq1913@nur.kz

ЖУРНАЛИСТ



+7 (778) 463 99 32



aliya_inkarbek@mail.ru

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

«Ерке-Нұр» ұлттық сән үйі
Президенті:
Фарида Мерхамитқызы
Тауар түрі:
Қазақтың ұлттық киім өнімдері
Мекенжайы:
Алматы қаласы, 5 ықшамауданы, 45 А
Байланыс телефондары:
+7 (727) 249 32 49, +7 777 118 38 99
Ресми сайт: www.erke-nur.kz



«Ерке-Нұрдың» ерекше өнімі – «Хан шапаны» Елбасының иығында, Наурыз мерекесі, 2008 жыл

▲ Әр халықтың өзіне тән киім кию, киім тігу үлгісі болады. Сол киім үлгісіне қарап, қай ұлттың қандай екендігін ажырататынымыз анық. Сондықтан, ұлттық нақыштағы киімдер де кәсіптің, нарықтың басты назарында. Рас, қазақ халқының ұлттық киім үлгісінде өзгешеліктер көп. Ғасырдан астам тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін сол даралығымызды дамытып, кәсібін нәсіп еткен Фарида Мерхамитқызы негізін

▼ қалаған «Ерке-Нұр» ұлттық сән үйінің тарихынан сыр шертеді.

«ЕРКЕ-НҰР»:

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ



■ «Ерке-Нұр» ұлттық сән үйінің басшысы – Фарида Мерхамитқызы

Қазіргі таңда ұлттық киім, ұлттық мода отандық fashion-индустрияда бар. Себебі, қазіргі тұсакусер, сүндет тойы, қыз ұзату мен келін түсіру рәсімдерінің барлығында қазақ отбасылары ұлттық нақышта тігілген киімдерді қолданады. Қыс мезгілінде жастарымыздың киіп жүрген тымақ, бөріктері де ескеңең ұрпақтың ұлттық киімге деген қызығушылықтары бар екенінің айғағы. Жалпы, бүгінгі қоғамның ұлттық модаға қатысты ой-санасы жақсы жағына қарай өзгеріп, сұраныс артып келе жатқан сыңайлы.

Ұлттық киімдердің құндылығын жоғалтпау мақсатында ашылған сән үйі – ұлттық киімдерді тігіп, оны мазмұндық жағынан да, түр-түсі, үлгісі жағынан да жаңартқан модельдермен ұсынып, өткен мен бүгінді жалғап, болашаққа үлес қосуда. Өйткені, «Ерке-Нұр» ұлттық сән үйі ою-өрнекпен көмкерілген қайталанбас киім үлгілерін өзімізге ғана емес, шет мемлекеттерге де танытып, насихаттап жүр.

Қазақтың ұлттық киімдері, ұлттық киім негізінде қазіргі заманауи киімдер, арнайы киімдер, оның ішінде әскери киім, шекарашылар киімдері, теміржолшылардың киімі, мектеп формасы, салтанатты кештерде киетін сәнді киімдер, сондай-ақ киімнің көптеген жаңа үлгісін халыққа ұсынады. Өндірістік кәсіпорын жаңа заманғы ең үздік технологиялық үлгіде жабдықталған. Соның арқасында «Ерке-Нұр» кәсіпорнының елдің тігін индустриясында алатын орны ерекше. Онда тігілетін тауарлар өзінің сапасы мен бағасының тиімділігінің арқасында нарықта сұранысқа ие болып келеді.

Кейіпкеріміз Фарида Мерхамитқызы осы кәсіпті бастағанда қолында бар жоғы үш-ақ тігін машинасы болған екен. Қазір бір күнде бірнеше сапалы өнім тігуге қауқарлы сән үйі жеңіл өнеркәсіптің дамуына серпін берген үлкен компанияға айналып қана қоймай, еліміздегі тігін өнеркәсібін дамытуға айтарлықтай үлес қосты.

Атажұртқа оралған соң кейіпкеріміздің бірден тігіншілікке ден қоюының да себебі бар. Жанына жақын жұмысты іздеген Фарида Мерхамитқызы бала кезінен-ақ қолөнердің түр-түріне қызығушылық танытып, өз бетінше үйрене бастапты. «Елім-айпап» ән салып отырып іс тігетін ісмер аналарының қолынан шыққан дүниелерге тамсанып, жастайынан қанығып өскен кейіпкеріміз осы кәсіпті таңдағанына еш өкінбейді. Өйткені, кейіпкеріміз атажұртқа келгеннен кейін дәл осы саланың дамымай жатқанын, әсіресе, ұлттық киімдерге жаңа серпін беру керектігін сезінді.

«Ұлтымыздың бай өнерін қара базардағы қырғыздың арзанқол дүниелері алмастырып жатқанына қарап жаным ауырды. Осылай елге деген сүйіспеншілік пен өзім таңдаған кәсіпке деген ыстық ықылас зор табысқа кенелтіп, жетістіктерге жеткізді», – дейді табысы мол кәсіпкер ханым.

«Ерке-Нұр» кәсіпорны ұлттық киім және ұлттық киім үлгілерінің негізінде өркениет талғамына сай қазіргі заманғы киім тігетіндігімен дараланады. Талғамы жоғары тұтынушының сұранысын қанағаттандырып отырған кәсіпорын халқымыздың салт-дәстүрі мен қолөнер шеберлерінің ежелгі әдісін сақтай отырып, ерлерге, әйелдерге және балаларға арналған жоғары сапалы киім үлгілерін, мектеп формасын, сонымен қатар, әртүрлі арнайы жұмыс киімдерін және сыйқаделер шығарады екен.

Сәні мен сапасы үйлескен «Ерке-Нұрдың» тауарларын нарықта үлкен сұранысқа ие. Талай жұрттың төрінде тұрған «Ерке-Нұр» өндіретін жоғары сапалы өнімдер халықтың қажетін өтеп, ұлттық қолөнерімізді жаңғыртуда. Тіпті, сән үйі Қазақстанды әлемге танытқан Азия ойындарына арнап қадесыйлар да жасапты.



Кейіпкеріміз 1997 жылы алдымен «Мерхамитқызы» кәсіпорнын құрып, соның негізінде 2000 жылы жаңа өндіріс орнын ашыпты. Бір қызығы, «Ерке-Нұр» бренді кейіпкеріміздің Еркебұлан және Нұрсұлтан есімді ұлдарының құрметіне осылай аталған екен. 2004 жылдан бері кәсіпорынмен қоса «Ерке-Нұр» сән театры жұмыс істеп келеді. Жыл сайын жаңа коллекциялармен толыға түсетін сән театры ел тәуелсіздігінің 15 жылдығы кезінде Германия, Бельгия, Голландия, Америка елдерін аралап, қазақтың киім үлгілерін көрсетіп қайтыпты. Сондай-ақ, Қытай, Түркия, Германия, Швеция, Ресейде өткен бүкіләлемдік сән өнері сайыстары мен фотомодель байқауларында «Ерке-Нұрдың» киімдері жүлделі орындарды иеленген екен.

2004 жылы Ассамблеямен бірлесіп Рес-публика сарайында қазақ халқының және Қазақстан халықтарының ұлттық киім үлгілерінен алғаш рет «Атамекен көңіл сазы» деген қойылым жасап, ұлттық киімдерді көрермендер назарына ұсыныпты. Сонымен қатар, Ассамблеямен бірлесе отырып «Достық» үйінде ғылыми-практикалық конференция өткізіп, сән үлгілерін тарту еткен.

2007 жылдың қорытындысы бойынша Алматы қаласы кәсіпкерлерінің арасында «Ең үздік кәсіпкер әйел» атағына және «Жыл таңдауы» байқауының қорытындысы бойынша «Ең үздік сән орталығы» марапатына ие болыпты. Ал, Алматы қаласы әкімінің ІІ-ІІІ-ші дәрежелі «Өнімнің жоғары сапасы үшін» дипломымен және Алматы облысы әкімінің мақтау хатымен марапатталған.

2008 жылы ІІ-ші дәрежелі «Алтын сапа» белгісіне ие болған. Сонымен бірге, 2008 жылы әлемдегі ең сапалы бұйым шығаратын үздік сауда маркасын анықтайтын Францияның Other Ways менеджмент және консалтинг Халықаралық қауымдастығының «Кемелді, жоғары сапалы және таңғажайып жұмысы үшін» берілетін «Платиновая булавка» халықаралық сыйлығын жеңіп алыпты. «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының халық таныған сапа белгісі «Мінсіз» тауар үшін белгілеген арнайы дипломымен марапатталған.

Сонымен, «Ерке-Нұрдың» негізі ұлтқа жанашырлықтың, өнімді еңбектің нәтижесінде қаланыпты. Қазіргі таңда өзіндік ерекше бағыт-бағдарымен көпшіліктің ықыласына бөленген сән үйі барлық құрметке лайық. Себебі, көптеген қиындықтарды көріп, сән түрлі сынақтарға мойымаған жұмысшылардың жиырма жылдық еңбегін жоққа шығара алмаймыз.

Кейіпкеріміз Фарида Мерхамитқызы бизнестегі бастапқы қадамдары жайлы: «Ең алғаш рет шағын бір үйді жалға алып, цех құрдым. Ойым қазақтың бешпеті мен қамзолын тігу. Ең алғашқы бұйымымызға да барымызды өрнектеп, қолымыздан келген өнердің бәрін үйіп-төктік. Жұмысымыз жаман болмаған сияқты. Дайын болған өнімді сату керек емес пе? Сосын ол заттарды әуелі «Барахолкаға» алып бардық. Сапалы әрі ұлттық дүние болған соң, бағасы да сәл қымбаттау болады ғой. «Барахолкада» қалаған бағама өткізе алмаған соң, қаладағы қымбат дүкендердің бірі «ЦУМ»-ға алып келдім. Киім-кешек сатып тұрған орыс әйелінің қасына жақындап келіп, тіккен дүниелерімді көрсетіп едім, сатушы әйелге бірден ұнады. Ол менің бешпетім мен қамзолымды алып қалды да, өзі кейінірек хабарласатынын айтты. Сол күні кешкісін телефон соғып: «Сіздің киімдеріңіздің кеуіні де алып кетті. Сондай тамаша киімдер тағы бар ма? Тұтынушылар сұрап жатыр», – дейді. Сөйтіп, менің өнімімнің жолын ашқан кісі сол. Әлі күнге ол кісі біздің дүкенімізде сатушы болып жұмыс істейді», – деп бар шынын айтты.

«Ерке-Нұрда» бастапқыда бес адам жұмыс істепті. Баскиім тігетін адамды, өрнек тігетін шеберлерді жеке-жеке жұмысқа шақырған кейіпкеріміз осылайша компаниясындағы жұмысшылар құрамын кеңейтіп қана қоймай, сапалы өнімдерді жарыққа шығара бастапты. Кейіпкеріміз сол кездегі еңбек бюроларына барып, бұрын тігін фабрикаларында жұмыс істеген, кейін қызметсіз қалған адамдарды арнайы іздеп, жұмыспен қамтамасыз еткен екен.

Қызметкерлерге төлейтін жалақыны өндірген өнімдерден түскен ақшадан төлеп отырған кәсіпкер түскен табысты жинақтап, заманауи тігін машиналар мен компьютерлік машиналар сатып алып, кәсіп аймағын кеңейте түсіпті. Бүгінде

сән үйінде 200-ге жуық қызметкер бар және бірнеше цех үздіксіз жұмыс істейді.

«Ерке-Нұр» сән үйі арнайы шақыртулармен алыс-жақын шет елдердегі байқауларға жиі барады. Сол байқаулардың ең алғашқысы да, салмақтысы да 2004 жылы Үрімжіде өткен сән байқауы екен. Себебі, он үш елден қатысқан үміткерлер ішінде «Ерке-Нұр» алдыңғы орынға шығып, Қазақстанның туын желбіретті.

Сән-үйіне сырттан түсетін тапсырыстар көп екен. Сонымен қоса, мемлекеттік тапсырыстарға да жауапкершілікпен қарайтын кәсіпкер оркестрлердегі өнерпаздарға арналған киім үлгісіне арнайы тапсырыс қабылдап, тапсырыс берушінің сенімін ақтап жүр. Ең ғажабы, халық күнделікті өздері тұтынатын заттарын осы сән үйіне сеніп тапсырады екен.

«Ерке-Нұр» бәсекеге қабілетті, жан-жақты «қаруланған» сән үйі. Олар көз келген бәсекелеске қарымта қайтара алады. Кейіпкеріміздің айтуынша, сән үйлерінің ішінде бәсекеге қабілеттісі «Сымбат» қана екен. Қалғандарының көбі шағын шеберханалар болғандықтан оларға бәсекелес ретінде қарау орынсыз тәрізді.

Ұлттық нақыштағы киімдерді, оюмен көмкерілген ерекше өнімдерді бұрындары өте сирек киетін едік. Ал қазір мерекенің қарсаңында ғана емес, күнделікті өмірге ыңғайлы киімдер бар болғандықтан ұлттық киімге деген сұраныс артып келеді. Кейіпкеріміздің басты мақсаты – өзіндік ерекшеліктері бар ұлттық киімімізді әлемге таныту. Ұлттық дүниемізді көрсету арқылы өзгелерге өзімізді, өз деңгейімізді танытатынымыз анық.

Фарида Мерхамитқызы басқаратын «Ерке-Нұр» компаниясы Алматы қаласында өтетін мәдени, іскерлік шараларына жиі қатысады және жағдайы төмен отбасыларына, мүгедек

Тобықтай түйін

«Ерке-Нұр» ұлттық сән үйі ұлттық киімнің негізінде қазіргі заманауи киім үлгілерін шығаратын ұлт жанашыры. Кәсіпкер Фарида Мерхамитқызы өткеніміз бен бүгінгімізді бір арнаға тоғыстырып, киімге салынатын ою-өрнектердің дұрыс болуына баса назар аударып, ұлт болашағына үлес қосып жүр. Адал еңбек пен нақты нысананы көздеген кейіпкеріміздің өнімдері ғасырдан ғасырға бүлінбей жетеріне сенеміз.

Әрине, әр елде бұл міндет жүктелгендер әр түрлі атаумен аталады. Ал бізде омбудсмен, дұрысы уәкіл деген атау алған. Дегенмен, көбінесе балалар құқығын қорғайтын уәкіл дегеннен гөрі, жоғарыдағылар омбудсмен дегенді тәуір көреді. Уәкіл дегеннен гөрі қазақшаға таңсыз сөздің салмағы басым деп ойлай ма, ол жағы белгісіз. Әйтпесе, омбудсмен деп әлдеқандай қылып, таныстырғанымызбен, бұл міндет жүктелген жанның жұмысы түсінікті. Міндеті – балалар құқығын қорғауға бағытталған.

Шымкенттегі зорлық көрген жеткіншек оқиғасынан кейін балалар құқығын қорғайтын омбудсмен лауазымына көбірек мән бере бастағанымыз рас. Бұл кім өзі? Көне скандинавия тілінен шыққан бұл сөз өкіл ету, тапсыру дегенді білдіреді. Яғни, көп елдерде әділдіктің орнауына бақылау жасап, мемлекеттік атқарушы орган қызметіндегі белгілі бір азаматтық топтың қызығушылығын қорғау өкілеттігі жүктелген лауазымды тұлғаны омбудсмен деп жатады.

Бала құқығын қорғайтын уәкілдің міндеті қандай?

Жалпы, Қазақстанның балалар омбудсмені институты өз тарихының жаңа бетін ашқалы отырғанын байқаймыз. Тарихтан белгілі болғандай, 2016 жылдың ақпанында елімізде балалар құқығын қорғайтын күзиреті бар институт алғаш рет құрылған болатын. Бір айдан кейін Мәжіліс депутаты Зағипа Балиева Бала құқығы жөніндегі өкіл болып тағайындалды. Одан бері балаларға қатысты біршама мәселелер шешімін тапқанымен, әлі де болса шешуін күтіп жатқан талай мәселе бары аңғарылады.

Балалар құқығын қорғайтын уәкілдің арнайы таңдалып, тағайындалуы дұрыс әрі қажет. Себебі, кішкентайларға қатысты үлкен мәселелердің туындап жатқанын күнделікті өмірден



СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Сәуле АЙТПАЕВА, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстанның Бала құқықтары жөніндегі уәкілі:

«БАЛА ҚҰҚЫҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТЫ НАЗАРЫНДА БОЛҒАН, СОЛАЙ БОЛАДЫ ДА...»



жетістіктер, олимпиадалар мен байқаулардың жеңімпазы.

Балалар дендері сау әрі бақытты болғанды қалайды және солай болуы да керек. Олар көздеген мақсаттарына тек біздердің қол ұшын беруіміз арқылы ғана қол жеткізе алады. БАҚ–тан балаларға қатысты түрлі жағымсыз жағдайлардың орын алып жатқанын күнделікті байқап жүрміз. Оларды қайталап айтқым да келмейді, өздеріңіз бәрін біліп отырсыздар.

Бүгінгі таңда республикада балалардың құқықтарын қорғау саласында қажетті заңнамалық база құрылған. Ұлттық заңнаманың негізіне Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясының нормаларына және балаларға қатысты мемлекеттік саясат жөнінде басқа да халықаралық-құқықтық құжаттарына енген.

Мемлекет басшысы бағдарламалық құжаттарда мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі ретінде балалардың құқықтарын қорғауды анықтады. БҰҰ–ның Балалардың құқықтары жөніндегі комитетінің ұсынымдарына сәйкес 2006 жылы балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін уәкілетті орган – Балалардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды.

Балалардың құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесін жетілдіру мақсатында 2016 жылы Президент Жарлығымен ҚР Бала құқықтары жөніндегі уәкіл (БҚУ) институты құрылды. Мемлекет басшысының бұл шешімі Қазақстандағы баланың құқықтарын нығайтуға және жүзеге асыруға қосылған маңызды үлес және БҰҰ–ның Бала құқықтары жөніндегі комитетінің ұсынымдарын жүйелі түрде жүзеге асыру болып табылады. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылғаннан бастап қысқа мерзім ішінде Республикада балалардың құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесін дамытудың белгілі бір жүйесі құрылғанын мойындау керек.

Балалар қорғаушысының маңызды өкілеттігі – оның мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне ықпал ету құқығы. Балалармен жұмысты ұйымдастыруға тікелей жауап беретін министрліктер мен ведомстволар жағдайға талдау жасап, кемелетке толмаған балалардың проблемалық мәселелерін шешу бойынша нақты шаралар әзірледі. Алайда, балалардың құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесінің әлі де пысықтауға жататын тұстары бар.

Ең алдымен, отбасылық қарым-қатынас, алимент төлеу міндеттері, әлеуметтік, тұрғын үй құқықтары, отбасы мүшелерінің құқықтық статусы, балаларды тәрбиелеу тәртібі, денсаулық сақтау мен білім алу құқығын іске асыру мәселелеріне назар аударғым келеді. Уәкіл ретінде, өтінімдерді қарау кезінде, қолданыстағы заңнаманың талаптарын түсіндіремін, мәселені шешуге мемлекеттік органдар мен ведомстволарды қосамын немесе биліктің әрекеттеріне шағым беру тәртібін түсіндіремін.

Отбасылық қарым-қатынастағы үйлесімсіздік баланың психикалық-эмоционалды күйін және тұлға ретінде өзін-өзі бағалауын төмендетеді. Әкелік және аналық міндеттердің орындалу тақырыбы әлі де көкейтесті мәселелердің қатарында қалып отыр.

Қазақстанда жыл басынан бергі 8 айдың ішінде балаларға қатысты 78 зорлық–зомбылық оқиғасы тіркелген. Балаларға қатысты оқиғалардың көпшілігі сексуалды сипатта болған. Баланы өлтіру де, балалардың өз-өзіне қол жұмсауы да бар. 124 бала биыл өмірмен қош айтысты. 2008 жылғы екі бала өздері қылмыс істеді. Бұл жағдайлар неден болып жатыр? Осының бәрине бір жауап іздеуіміз керек.

Осы ретте еліміздің Ішкі істер министрлігі, Бас прокуратурасы, Білім және ғылым министрлігі бірлесіп жоспар жасады. Жоспарда жас балалар қалай жүріп, қалай тұруы керектігі толығымен жазылған. Бала мен ата-ана зорлық–зомбылыққа тап болмас үшін қандай жұмыс жүргізу керек? Құқық қорғау органдары қандай шараларды қолға алуы тиіс? Осы мәселелерге қатысты жұмыстарды қайтадан жаңартып жатырмыз.

Жоғарыда аталған мәселелердің озық дамыған елдерге де тән екені сөзсіз. Осы мәселелерді шешу үшін мемлекеттік биліктің, қоғамның, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың барлық сапарларының күш-жігерлерін біріктіру қажет. Барлық тараптардың тығыз өзара байланысы арқылы балалардың мүдделері мен құқықтарын қорғау үшін қолайлы жағдайлар жасай алатынымызға сенімдімін.

жүргенін – бәрін-бәрін біліп отыратын. Меніңше, қазіргі сынып сағаттарын мұғалім мен бала арасындағы байланысты орнатуға арнау қажет. Негізгі, мұғалімге, анаға, әкеге деген сенім болса, баланың өз-өзіне деген сенімі де мықты болады. Дәл осы сенімді күшейтуіміз керек. Әке кодексі, ана кодексі сияқты бір құжат болу керек сияқты. Сонда нақты ақыл-кеңестерді көрсетуге болады» дейді Сәуле Айтпаева.

Тобықтай түйін

Ұлттық тәрбие әлсіреп, қазақы құндылықтар екінші қатарға сырғыған уақытта, генерал ханым айтқандай, ана мен әкенің рөлін арнайы кодекспен нақтылаған да дұрыс шығар. Бірақ, ол шын мәнінде мәселені шешуге, отбасылық тәрбиенің олқы тұстарын толтыруға ықпалды болғанда ғана оң нәтиже беруі мүмкін. Жалпы, бүгінгі қасіреттің барлығы отбасындағы тәрбиенің, мектептегі бақылаудың әлсіздігінен екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Сондықтан, жаңа уәкіл өз жұмысын осы бағытты түгендеуден бастаса жөн еді.

Шынар ЛИЯСХАНОВА,

№172 мектеп-гимназиясының мұғалімі,
Алматы қаласы



көріп, біліп отырмыз. Әсіресе, балалардың жат адамнан емес, жақындарынан зардап шегуі, қаймағы бұзылмаған қазақы ауылдардың өзінен әлімжеттік жасаушылардың шығуы қоғам болып ойланатын, шұғыл шешім қабылдауды қажет ететін мәселе.

Бұрын балаларды қорғауға мүдделі болып келген Зағипа Балиеваны биылғы жылдан бастап сенатор Сәуле Айтпаева алмастырды. Балиева сияқты Айтпаева да құқықтық мәселелерге қанық, заң саласында ұзақ жыл еңбек еткен білікті маман. Бір артықшылығы, Сәуле Мұханбедианқызының қадағалау органдарындағы тәжірибесі үлкен. Прокуратура саласында табан аудармай ұзақ жыл еңбек еткен бұл кісі қыз-келіншектер арасынан шыққан тұңғыш генерал. Әсіресе, еліміздегі құқықтық мәліметтердің ортақ базасын жасауға елеулі еңбек сіңірген Сәуле Айтпаева Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің жұмысын бірізге түсірген мықты басшы. Сондықтан да, оған балалар қылмысы, қоғамдағы заңбұзушылықтар таңсық тақырып емес.

Әрине, мәселеге сырттай үңілу бар да, оның түйінін тарқатып, түйтілін жазу мүлде бөлек әңгіме. Осы тұрғыдан алғанда құқық қорғау саласында беделі мықты Айтпаева балалар мәселесін қаншалықты шеше алады деген сұрақ көпшіліктің көкейінде тұрғаны анық.

Жаңа омбудсмен ханымға балалар мәселесі еш таңсық емес. Айтпаеваның Бас прокуратурада құқықтық статистика және арнаулы есепке алу жөніндегі комитеттің төрайымы болған кезде де, одан соң Президент ханындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрайымының бірінші орынбасары ретінде де, Сенат депутаты кезінде де отбасы мен балаларды қорғау мәселелерімен белсене шұғылданғаны белгілі. Сондықтан жаңа омбудсменге халық көп үміт артып отыр.

Бір білетініміз, генерал ханым жасөспірімдер жағдайына алаңдайтынын бұрыннан-ақ көрсеткен. Соның дәлелі, парламенттің кезекті отырысында сөз алған Айтпаева Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаевқа сенатор ретінде депутаттық сауал жолдап, нақ осы көмелетке толмағандардың мәселесіне назар аударуды сұраған болатын.

«Ресми мәліметке жүгінсек, биылғы жылдың алғашқы бір жарым айында ғана көмелетке толмағандарға қарсы 267 қылмыс жасалыпты, оның ішінде 71-і ауыр, ал 21-і аса ауыр. Үш бала өлтірілген, 24 жағдайда олардың денсаулығына ауыр және орташа ауыр зақым келген, он екісі зорланған, жетеуі сексуалды сипаттағы зорлық-зомбылық көрген, 16 жасқа толмаған 57 баламен жыныстық қатынас жасалған, екеуі проституциямен айналысуға тартылған. Көмелетке толмағандарға қатысты тонау, қарақшылық жасалады, оларды азаптайды, қауіп-қатермен жалғыз қалдырады, тәрбиелеу бойынша міндеттер орындалмайды. 14 бала өздеріне-өздері қол жұмсаған. Жүзден астамы заң бұзған» деген қорқынышты мәліметтерді мысалға келтірген Айтпаева Балалар мен жасөспірімдер қауіпсіздігіне алаңдаған болатын. Ал қазір осы мәселелердің барлығымен Сәуле ханымның өзі айналысып, балалардың мүддесін қозғағалы отыр.

Өзінің бұрынғы міндетіне көбірек ден қойса, Айтпаеваның омбудсмендік қызметінен көп пайда бола қоймайды. Өйткені, статистиканы жинап, құрғақ сөйлеу екінің бірінің қолынан келеді. Оның үстіне, қорқынышты сандарды тауып алу соншалықты қиын да емес. Айталық, соңғы статистикаға сенсек, кейінгі екі жыл ішінде Қазақстанда балалар мен жасөспірімдерге қарсы 8 439 қылмыс

“

7-1-бап. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл институты.

1. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл институтын Қазақстан Республикасының Президенті құрады және ол өз қызметін балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің көпшілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру мақсатында қоғамдық негізде жүзеге асырады.

2. Баланың құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметі:

- 1) заңдылық;
- 2) тәуелсіздік;
- 3) балалар үшін қолжетімділік;
- 4) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- 5) объективтілік;
- 6) жариялылық қағидаттарына негізделеді.

3. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

7-2-бап. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл.

Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында:

- 1) баланың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына қатысты өтініштерді және баланың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзатын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың, кәсіпорындардың, олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарайды;
- 2) баланың бұзылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін кедергісіз іске асыруға және қалпына келтіруге жәрдем көрсетеді;
- 3) білім беру, денсаулық сақтау және халықтың әлеуметтік қорғау, қорғаныс, мәдениет және спорт жүйелерінің мемлекеттік органдары мен ұйымдарына, сондай-ақ көмелетке толмағандар ұсталатын қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне баруға кедергісіз қол жеткізеді;
- 4) өзіне осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіктерді орындайды.

(Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы).

жасалыпты. Тек өткен жылы 136 бала өз-өзіне қол жұмсап, қайтыс болған. Осының өзі кішкентайлардың өмір сүруге құлшынбайтынын, өмірге келмей жатып, өмірден кетуге асығатынын көрсетеді.

Балаларға қатысты мәселенің көбеюіне алаңдаған эск-омбудсмен Зағипа Балиева 2017 жылдың сәуірінде «Бізде бірыңғай орган жоқ. Ол тіпті республикалық деңгейде жоқ. Отбасы, әйел, бала және жастар мәселесі бір-бірімен байланысты. Қазіргі таңда жастар мәселесі бір министрлікте, бала құқығын қорғау басқасында, отбасы еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінен басқа ешқандай мемлекеттік ордада қаралмайды» деп жаңа министрлік құру туралы ұсыныс айтқан болатын. Алайда, бұл ұсыныс қоғамымызда қолдау тауып кете қоймады. Ендігі жерде көмелетке толмағандарға қатысты мәселенің қалай шешімін табары жаңа омбудсмен ханымға тікелей байланысты болып отыр.

Осы үлкен жауапкершілікті сезінген жаңа уәкіл де елімізде балалар құқығын қорғау тетіктерінің өзгеруі тиіс екенін айтты. Сондықтан балалар құқықтарын қорғау үшін алдымен ана мен әке институтын күшейтіп, Аналар кодексінің қажеттілігіне де тоқталды.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қоғам көзқарасы өзгерген сайын оларға әлеуметтік көмек көрсетудің қолайлы түрлерін іздеу аса қажет. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға бұл мемлекеттік-әлеуметтік қорғау жүйесінің негізгі бөлігі болып табылады.

Әлеуметтік көмек – бұл экономикалық жағдайы төмен, әлеуметтік әлсіз, психологиялық жағынан әлсіз адамдар тобына әлеуметтік ортада қалыптасуын жақсартуына бағытталған қызмет көрсету кешені. Ол зейнетақы төлемін қосымша төлеумен, қажетті қызмет көрсетумен (медициналық, психологиялық, құқықтық, педагогикалық және т.б.) сипатталады. Бұл үрдіс үздіксіз жүйелі түрде ұйымдастырылу қажет. Оның негізгі мақсаты – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік қызмет көрсету институты толығымен ұйымдастырылып, әр тұлғаның жеке әлеуметтік қажеттіліктерін анықтау жұмысы толық жүргізіледі. «Кемтар балаларды әлеуметтік және



ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР заңына байланысты 2003 жылдан бастап мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету, оларды бейімдеу жұмысы алға басты. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесінде әлеуметтік-педагогикалық әрекеттің орны ерекше. Өйткені, әлеуметтік-педагогикалық қызмет адамның өмірлік жағдайларымен, экономикасымен, құқығымен, білім алуымен тығыз байланысты.

Әлеуметтік қызмет көрсету нысаны – мұқтаж азаматтардың тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету. Бұл – бір. Екіншіден, қызмет алушыларға көрсетілетін қызмет сапасын ұлғайту.

Үшіншіден, қызмет алушыларға категорияларына байланысты шағын үйлерден бастап, үлкен интернаттар және әлеуметтік қызметтердің басқа да түрлерімен өзгерту болып табылады.

Бұл салада отандық және шетелдік озық тәжірибелер енгізілетін болады. Жоғарыда айтып өткендей, әлеуметтік қызмет көрсету нысанын одан әрі жаңғырту мақсатында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетудің жаңа бағыттары енгізілуде.

Мобильді қызметтерді енгізу – бұл қызмет шалғай ауылдарда тұратын қызмет алушыларға

техникалық-компенсаторлық заттарды, гигиена заттарын, т.б. керек құралдарын жеткізіп беру үшін осындай мобильді әлеуметтік қызметкерлер мен пошта қызметкерлері жұмыстары енгізіледі.

Жырақтағы ауылдық елді мекендердегі мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін кеңейту, күшейту және жақсарту үшін әлеуметтік қызмет

көрсететін ұйым жаңа шарт бойынша мемлекет, азамат және отбасымен тығыз жұмыс жасайтын болады. Себебі, бұл жағдайда адам өзінің жеке басының мәселесін шешуде белсенділік көрсететін болады және жеке басының құқығын талап етеді. Бұл адамның бойындағы ерік-жігерді, өзіне деген сенімділікті арттыру үшін жасалады.

Үйден қызмет алу мүмкіндігі кеңейтіледі. Қызмет алушының қажеттілігіне және сұранысына қарай арнайы және кешенді қызмет көрсетілетін болады. Сонымен қатар, қызмет алушының отбасындағы қолы бос адам қызмет алушыға қарайласа отырып, жұмыс істеу арқылы ақша таба алады.

Тіпті, қызмет көрсетуші тарапынан ақысыз оқуларға, курстарға баруға мүмкіндік алады. Үйден қызмет алушылар міндетті түрде әлеуметтік медициналық ұйымға тұрғылықты мекенжайы арқылы тіркеледі.

Әлеуметтік қызмет көрсетуді жаңғыртудың негізгі жеті бағыты бар:

- Жырақтағы ауылдық елді мекендегі мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету, күшейту және жақсарту;
- Нормативтік-құқықтық базаны жаңарту;
- Әлеуметтік қызмет көрсету саласында бірыңғай информациялық жүйе ойлап табу;
- Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартын жаңарту;
- Әлеуметтік қызмет көрсету саласында кадрмен қамтамасыз ету жүйесін жақсарту;
- Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін қаржылан-дыру механизміне өзгерту енгізу;
- Жергілікті басқару органдарының ребрендингі.

Тобықтай түйін

Әлеуметтік қызмет көрсетуді жаңғыртудың негізгі жеті бағытын және мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға әлеуметтік қолдау көрсетуге байланысты «мүгедек балалар» және «мүгедектерді әлеуметтік қорғау» туралы Заңын негізге ала отырып, мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселелерін кешенді түрде шешу болып табылады.

Жібек ӘЛКЕНОВА, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Үміт» күндізгі болу орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманы



Ботагөз ДҮЙСЕНОВА, Ақмола облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары

Қазақстан Республикасының Президенті 1995 жылы қол қойған «Бала құқығы туралы» Конвенцияда барлық балалардың құқығы бірдей екендігі, мемлекет баланы зорлық-зомбылықтың барлық түрінен қорғауға және оның құқығы тапталмас үшін тиісті шараларды қолдануға міндетті екендігі көрсетілген.

Бүгінде облысымыздағы мектепке дейінгі ұйымдарда 36 мыңнан астам бала, мектептерде 117 мың және колледждерде 18 мыңнан астам оқушы білім алады. Сабақтан тыс уақытта орта білім беру ұйымдарының 24 мыңнан астам шәкірті 57 қосымша білім беру ұйымдарымен қамтылса, мектеп жанындағы секцияларға 46 мыңнан астам, ал үйірмелерге шамамен 60 мың оқушы барады. Осы орайда, облыстық білім басқармасының жанында кәмілетке толмағандармен жұмыс жүргізетін бірнеше орталық бар.

Мәселен, Шучинск қаласында орналасқан қиын өмірлік жағдайдағы балаларды қолдау орталығын атап өтуге болады. Бұл орталық 3 пен 18 жас аралығындағы 25 балаға лайықталған. Соңғы бес жыл ішінде оңалту курстарынан 246 бала өтті. Оның ішінде 119 бүлдіршін туған отбасыларына оралса, 36 тәрбиеленуші қамқорлыққа алынды. Осындай орталық Степногорск қаласында да жұмыс істейді. Мұндағы «Жастар» жасөспірімдердің әлеуметтік бейімдеу орталығы 16 мен 23 жас аралығындағы балалар үйінің түлектеріне арналған. Қазіргі уақытта 64 тәрбиеленушісі бар. Оның алтауы кәмілетке толмағандар.

Өкінішке қарай, бүгінгі таңда кәмілетке толмағандардың өз-өзіне қол салуы, яғни, суицид дерті өзекті мәселеге айналып отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымының балалар қорымен әріптестік шеңберінде 2017 жылы Bilim foundation қоғамдық қорымен іске асырылатын бірқатар жобалар қолға алынған болатын. Облысымызда «Денсаулық және өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ, кәмілетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу» бағдарламасы енгізілді. Осы бағдарламаға сәйкес 2017 жылы білім беру ұйымдарының 549 педагог-психологы оқудан өтті. «Шаңырақ» әлеуметтік-психологиялық зерттеу орталығы аталған жобаның облысымыздағы үйлестірушісі болып табылады. Қоғамдық ұйым үстеміздегі жылы 30 мыңнан астам ата-анаға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Қазіргі таңда мектептердің жоғары сынып оқушылары мен жоғары оқу орындарының бірінші курс студенттері арасында психикалық-диагностикалық сауал жүргізілуде. Нәтижесінде қауіп тобына жататын мыңнан астам жасөспірімнің бары анықталып, бірқатары психиатр-дәрігердің қабылдауына жіберілді. Бұл бағыттағы жұмыс әлі де жалғасуда.

Өткен жылдың қазан айында отбасында балаларға зорлық-зомбылық көрсетуді тоқтатуға бағытталған алдын алу шаралары жүргізілді. Солардың бірі – «Үнсіз қалма КЗ» акциясы. Оған бала тәрбиесі мәселесімен айналысатын барлық мүдделі ведомстволардың өкілдері, психологтар, ата-аналар қатысты. Сол сияқты, «Бақытты балалық шақ құқығы» онкүндігі жайлы да айта кетуге болады. Шара аясында медициналық мекеме қызметкерлері оқушылармен ерте жүктіліктің зияндылығы жөнінде оңіме жүргізді.



Облысымыздың барлық қалалары мен аудандық білім бөлімдерінде балалардың құқығын қорғауға қатысты сауалдарға жауап беретін сенім телефондары жұмыс істейді. Қажет болған жағдайда тұрғындардың Қазақстан Республикасының бала құқықтары жөніндегі бұрынғы уәкілі Зағипа Бәлиеваның бастамасымен осыдан екі жыл бұрын құрылған бірыңғай республикалық 111 Call-орталықтарына да хабарласуына болады. Облыстық білім басқармасында және кәмілетке толмағандарды бейімдеу орталығында отбасын қолдау қызметі жұмыс істейді. Олардың сенім телефондары: 90-31-16, 33-00-16. Өткен жылдан бері аталған сенім телефондарына 48 қоңырау келіп түсті. Сол өтініштердің бірі негізінде жуырда басқармамыздың жұмыс тобы Целиноград ауданында тұратын F-ның үйіне барып келді. 2005 жылы туған Б. есімді ұлдары өз бетімен үйінен кетіп қала береді екен. Психологымыз онымен сөйлесе келе, әкесі ішімдік ішкен кезде баласының қатты қорқатынын анықтады.



Облысымыздың барлық қалалары мен аудандық білім бөлімдерінде балалардың құқығын қорғауға қатысты сауалдарға жауап беретін сенім телефондары жұмыс істейді. Қажет болған жағдайда тұрғындардың Қазақстан Республикасының бала құқықтары жөніндегі бұрынғы уәкілі Зағипа Бәлиеваның бастамасымен осыдан екі жыл бұрын құрылған бірыңғай республикалық 111 Call-орталықтарына да хабарласуына болады. Облыстық білім басқармасында

ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қауіп тобындағы балаларға ерекше назар аудара отырып, өткен жылдардан бері оң нәтижесін беріп келе жатқан тәжірибелерімізді одан әрі жалғастыратын боламыз.

Негізінде тәрбие, бала құқығын қорғау мәселесінің ауқымы өте кең. Оған білім басқармасымен бірге, өз құзыреті шеңберінде барлық мемлекеттік органдар, барша қоғам атсалысуы қажет деп ойлаймын.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайын жақсарту – облысымыздың әлеуметтік саласындағы саясаттың басым бағыттарының бірі. Бұл бағытта бірқатар жұмыстар атқарылуда, нәтижесі ретінде әлеуметтік блокқа бөлінетін қаржының жыл сайынғы өсімі мен мүгедектердің қоғамдық ортаға кірігуі болып табылады. Ал, 2018 жылдың 1 шілдесі бойынша облыс бойынша 44 069 мүгедек болса, оның ішінде 18 жасқа дейінгі мүгедектер саны – 5 498.

Биылғы жылы мүмкіндігі шектеулі азаматтарды оңалту мақсатында облыстық бюджеттен 662,8 млн теңге қаржы бөлінді. Ол өткен жылмен салыстырғанда 12,5 пайызға артық (2017 жылы – 589,1 млн теңге).

Бөлінген қаржыға әлеуметтік оңалту құралдарына мұқтаж 5 474 мүгедекті тиісті бұйымдармен (сурдо-тифло, кресло-қорап, емдеу-сауықтыру) қамтамасыз ету жоспарланып, бүгінде 2 362 мүгедек тиісті техникалық құралдарымен (сурдо – 738, тифло – 929, кресло-қорап – 695) қамтылды. Емдеу-сауықтырумен 1 927, ал протез-ортопедиялық бұйымдармен 1 185 мүгедекті қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бұдан өзге Тараз қаласы мен аудан бюджеттерінен 1432,7 млн теңгеге 8 483 мүгедек әлеуметтік көмекпен қамтылуда (гигиеналық құралдар – 3 612, ымдау тілінің маманы қызметі – 390, жеке көмекшінің қызметі – 2 175, арнаулы әлеуметтік қызмет – 2 306).



Жорабек БАУБЕКОВ, Жамбыл облысы әкімдігінің Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы:

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Басқармаға қарасты 12 медициналық-әлеуметтік мекемеде 1 287 адам арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылуда, оның ішінде 208-і мүгедек бала. Сонымен қатар, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында үкіметтік емес ұйымдар арқылы 2 103 мүгедек арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылған.

Оңалту орталықтарының желісін дамыту және көрсетілетін оңалту шараларының сапасын жақсарту мақсатында Сарысу, Байзақ, Жуалы мен Меркі аудандарында психоневрологиялық ауытқулары бар және тірек-қимыл аппараттары бұзылған мүгедек балаларға сыйымдылығы шағын үйлер ашу көзделген.

Облыс көлемінде мүгедектердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында бейімделуге тиіс 904 нысанға толығымен төлқұжаты дайындалып, 2013-2017 жылы жергілікті бюджеттен бөлінген 242,4 млн теңгеге 708 нысанның бейімделу жұмыстары жүргізілді. 2018 жылы 120 нысан бейімделуден өткізуге жоспарланып, оған 23,6 млн теңге бөлінді.

Осы бағыттағы жұмыс әрбір мүгедекке жеке ұсынылатын әлеуметтік көмектердің сапасын арттыру және арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін жартылай стационарларды үкіметтік емес сектор арқылы дамытумен жалғасады.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамту жоспары дайындалып, соған сәйкес 2018 жылы 538 адамды жұмыспен қамту жоспарланған.

2018 жылдың 1 мамырында жұмыспен қамту органдары арқылы республикалық және жергілікті бюджет есебінен 308 мүгедек жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылды. Олардың 69-ы тұрақты жұмыстармен қамтылып, 196-ы уақытша жұмыстармен қамтылды. Уақытша жұмыстармен қамтылғандар ішінен: 136-ы ақылы қоғамдық жұмыстарға, 39-ы әлеуметтік жұмыс орындарына, 20-ы жастар практикасына, 1-і маусымдық жұмыстарға жолданды. Сондай-ақ 43 мүгедек қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жолданды.



Азаматтардың құқықтарын, оның ішінде денсаулық жағдайына қарамастан, бірдей жүзеге асыру қағидаты – демократиялық қоғамның басты құндылығы.

«Сайлау туралы» Заңның 41-бабының 6-тармағында көзделгендей, егер сайлаушы денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне байланысты дауыс

беруге келе алмаған жағдайда учаскелік сайлау комиссиясы олардың дауыс беру күні жергілікті уақыт бойынша сағат он екіден кешіктірмей бере алатын жазбаша өтініші бойынша осы сайлаушылардың тұрған жерінде дауыс беруді ұйымдастыруы тиіс. Сондай-ақ 42-баптың 6-тармағына сәйкес бюллетенді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушыға өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға рұқсат береді және оның аты-жөні дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіледі.

Осылайша, көптеген жағдайларда мүгедектерге дауыс беру құқығы олардың сайлау учаскесіне жетуі мүмкін еместігімен шектеледі және сайлау туралы заң дауыс беруге арналған тасымалданатын жәшіктерді пайдалану мүмкіндігін көздейді.

Мүгедектерге қатысты олардың қоғамдық өмірге жан-жақты қатысуын ынталандыру үшін жүргізілетін мемлекеттік саясат, мүгедектерді белсенді әлеуметтендіру, оларға басқа да қоғам мүшелерімен бірдей құқықтарға кепілдік беру, сайлауды өткізу тәжірибесі көрсеткендей, мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселесін мүгедектердің құқықтарын сайлау заңнамасында көрсетіп, үшін арнайы шараларды қабылдауды талап етеді. Бұл жағдай мүгедектігі бар адамдардың көпшілігінің белсенді өмірлік ұстанымын көрсетіп, тікелей сайлау учаскелерінде дауыс беруді қалайтындығынан да туындайды.

Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы зерделеу жұмыстарының аясында мүгедектердің үкіметтік емес ұйымдарының өкілдерімен кездесулер өткізіліп, мүгедектердің сайлау құқықтарын қамтамасыз етудің келесі мәселелері анықталды:

– Сайлау учаскелерінің төменгі қабатта орналасуының және мүгедектердің құқықтарын іске асыру үшін жаппай пандустармен және басқа да жабдықтармен қамтамасыз ету қажеттілігі;

– Сайлау өткізуге арналған шығыстар сметасын қалыптастыру кезінде мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын сақтау стандарттарына сүйене отырып, сайлау учаскелерін жабдықтау үшін шығыс баптары қарастырылмайды;

– Мүгедектердің белсенді және бәсең сайлау құқығын іске асыруға қатысуына қатысты жалпыға қолжетімді статистиканың жоқтығы;

– Сайлау комиссиясы мүшелерінің мүгедектермен қарым-қатынастары коммуникациясының жеткіліксіздігі, мүгедектерге арналған арнайы көрнекі, графикалық сайлау материалдарының, соның ішінде Брайл шрифті пайдалану мүмкіндігінің жоқтығы.

2015 жылдың 20 ақпанында Қазақстан Республикасы Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясын ратификациялады. Бұл Конвенция мүгедектер қоғамының басқа мүшелерімен тең құқықтар мен бостандықтарға ие екендігін, кемсітушіліктің кез келген түріне, оның ішінде саяси салада

жол бермеуге болмайтынын көздейді.

Оның ережелеріне сәйкес қатысушы мемлекеттер мүгедектерге дауыс беру құқығын және сайлауға қатысу мен сайлануға және олар үшін жеткілікті болып табылатын «...рәсімдерді дауыс беруге арналған үй-жайлар мен материалдарды...» пайдалана отырып, азаматтардың осы санатының сайлау процесіне толыққанды қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге кепілдік береді.

Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясын ратификациялағаннан кейін заңнамаға мүгедектердің сайлау құқықтарын бойынша маңызды толықтырулар жасалуда. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі әзірлеген «Сайлау туралы» Заңын жетілдіру туралы заң жобасында жергілікті атқарушы органдар мен сайлау комиссияларының жауапкершілігін және құзыреттілігін арттыру үшін бірқатар жаңа қосымша стандарттар енгізілді:

48-бап 2-1-тармақша жергілікті атқарушы органдардың мүгедек болып табылатын азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі сайлау комиссияларының жұмысына жәрдемдесуге міндетті екенін көздейді;

18-бап 4-1-тармақша учаскелік сайлау комиссиясы мүгедектердің сайлау құқықтарын іске асыру жөнінде тиісті шараларды қабылдайтынын көздейді;

39-бап 1-1-тармақша дауыс беруге арналған үй-жайды жабдықтау кезінде мүгедектер болып табылатын сайлаушылардың кедергісіз кіріп-шығуы үшін және онда дауыс беруге қатысуына мүмкіндік жасалуын көздейді.

Аталған түзетулер Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияны іске асыру шеңберінде мемлекеттік сайлау және жергілікті атқарушы органдар үшін уақытылы және өзекті, сондай-ақ практикалық маңызға ие. Енгізіліп отырған нормалар мүгедектердің қазақстандық қоғамның толыққанды мүшелері ретінде саяси құқықтарын тұрақты негізде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«ИНВАТАКСИ» – ҚАМКӨҢІЛДЕР КӨМЕКШІСІ

«Инватакси» қызметі Балқаш қаласында 2008 жылдан бері жүзеге асып келеді. Соның арқасында қамқөңілдер межелі жерге тегін қатынап жүр. Елбасы Биылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында мүмкіндігі шектеулі жандарға көбірек көңіл бөліп, қамқорлық көрсету – өзіміздің және қоғам алдындағы парызымыз екенін айта келе, олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуы тиіс екенін жеткізген еді.

Осы орайда мүмкіндігі шектеулі жандардың қала ішінде жүріп-тұруына ыңғайлы көлік – «Инватакси» халық игілігіне жарап тұр. Мүгедектер арбасына таңылған адамның қоғамдық көлікпен жүріп-тұруы қиын екені айтпаса да түсінікті. Қазіргі таңда бұл мәселе шешімін тауып, жұмыс жолға қойылған. Атап айтқанда, «Инватакси» қызметіне тіркелген мүмкіндігі шектеулі жандар игілікті іске дән риза. Олар барған бағыттары бойынша арнайы жол парағы толтырылып, «Инватакси» қызметін пайдаланғаны жайында дәлелдеме ретінде қол қояды. Диспетчерлердің айтуынша, мүмкіндігі шектеулі адамдар телефонға хабарласып, өздерінің аты-жөнін айтып, қайда баратындарын баяндайды. Жүргізушілер егер бос болса, 10 минут ішінде айтқан мекенжайға барады. Қажетті орындарына жеткізіп салады екен.

Үкіметтің мүмкіндігі шектеулі жандарға деген қамқорлығының бір парасы осындай. Олар қай кезде, қай жаққа барамын десе де көлігі дайын. Тірек-қимыл аппаратының қызметі бұзылған азаматтарға қоғамдық көлікпен жүруге жардай жасаған «Балқаш қаласы мүгедектер қоғамының» төрағасы



Клара Жақыпбаева «Инватакси» қызметін пайдаланушылар санының артқандығын айтады.

«Елбасының Жолдауынан соң көптеген мүмкіндігі шектеулі жандарға бірқатар мүмкіндік туды. «Инватакси»

әлеуметтік жобасы 2008 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. 2017 жылдың өзінде 5 250 рет тегін қызмет көрсетті. Мұндай көмекті өзге де мүгедектер, ҰОС ардагерлері, I, II топтағы 16 жасқа дейінгі балалар пайдалана алады. Биылғы жылдың



Аталмыш әлеуметтік жобаны кейіннен естіп тіркеліп жатқандар бар көрінеді. Қазіргі уақытта «Инватакси» – мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзеге асуда.

Нұрдос КӘРІМ, Қарағанды облысы

НЕ? ҚАШАН? ҚАЙДА?



АФИША АФИША АФИША АФИША

06 ҚАРАША. 19:00. РЕСПУБЛИКА САРАЙЫ
Ресейлік «Comedy Woman» театрының әзіл-сықақ шоуы
Бағасы: 7 000 – 20 000 теңге

29 ҚАРАША. 19:00. РЕСПУБЛИКА САРАЙЫ
«Melomen» тобының «Сүйгенім бол» атты ән кеші
Бағасы: 2 000 – 10 000 теңге

22 ҚАРАША. 19:30. РЕСПУБЛИКА САРАЙЫ
Ресейлік әнші Стас Михайловтың «Ты и Я» ән кеші
Бағасы: 5 000 – 60 000 теңге

АВТОРЛАР НАЗАРЫНА!

Көлемі 6 беттен (шрифт 14) асатын мақалалар
«Qazaq» газетіне қабылданбайтыны ескертеміз!



МЕНШІК ИЕСІ:	«МИРАС ИНФО» БАСПАСЫ
РЕДАКЦИЯ ЖӘНЕ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ:	МАХМУТ НӘЛІБАЕВ
БАС ДИРЕКТОР:	ШЕКЕРБЕК ТАСАЛИЕВ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ДИРЕКТОР:	ҚАЛИ ҚАМБАРОВ
БАС РЕДАКТОР:	ЖАСҰЛАН МӘУЛЕНҰЛЫ
БАС РЕДАКТОРДЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ:	СИВИ МАХМУДИ
БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:	ГҮЛМАРЖАН ҚОСЖАНОВА
КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОР:	АЙНҰР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ
ХАТШЫ-РЕФЕРЕНТ, КОРРЕКТОР:	МАРЖАН ЖАМБАЙ
БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:	ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ ӘЛИЯ ІҢКӘРБЕК МАДИЯР ӘЗИЗҰЛЫ
МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:	СЕРІК ШАЙМАН – ҚОСТАНАЙ АЙБОЛ ҚАРАШЕВ – ТАРАЗ ЖАНСАЯ ШЫҒЫСХАН – АСТАНА
АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:	ҚОҒАБАЙ СӨРСЕКЕЕВ КЕНЖЕКАЛИ САҒАДИЕВ СЕРІК ҚИРАБАЕВ САҒЫНДЫҚ САТЫБАЛДИН САЙЛАУ БАЙЗАҚОВ ӘБДИСАҒИТ ТӘПТІҒЛОВ ХҰСАЙЫН ҰӘЛИЕВ ГҮЛБАРШЫН СӨРСЕКЕЕВА САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ ҚАЙРОЛЛА МАМАТҰНҰЛЫ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

Алматы қаласы, Әбілхан Қастеев көшесі, № 106 «В» үйі

БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ:

+7 (727) 293 86 73
+7 (747) 952 99 63
+7 (702) 101 68 40
qazaq1913@nur.kz

www.qazaq1913.com
@qazaq1913
vk.com/qazaq1913
«Қазақ» газеті

ГАЗЕТ ҚАЙДА ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ?

	Халықаралық Алматы әуежайы		Б. Майлин к-сі, №202
	Алматы метрополитенінің барлық бекеттері		«Райымбек батыр», «Жібек жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «Мұхтар Әуезов атындағы театры», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу»
	«Алматы-1» темір жол бекеті «Алматы-2» темір жол бекеті		Станционная к-сі, № 01 Абылай хан даң., № 01
	«Сайран» автобекеті		Төле би к-сі, № 294

ГАЗЕТ ҚАЙДА САТЫЛАДЫ?

«Караван», «Kok tengri», «Алты алаш» дүңгіршектері

ГАЗЕТКЕ ҚАЙДАН ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта», «Еуразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері

ТАРАЛЫМЫ: 21 000 ДАНА ТАПСЫРЫС: № 1460/784

Газет «Алматы-Болашақ» (Алматы, Мұқанов к-сі, 223 «В») және «Жибек-Полиграф» (Атырау, Молдағалиев к-сі, 107) баспаханаларында басылды

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы № 16874-Г куәлігі 2018 жылдың 31 қаңтарында берілді. Алғашқы есепке қою № 6897-Г куәлігі 2006 жылы 07 ақпанда алынды! Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әбілхан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұнов, Міржақып Дулатовтың ұлтық болуымен жарық көрді. 2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен № 266 санынан қайта шықты. Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына, тіліне жауап бермейді. Газетте интернет сайттарының фотолары, inform.kz, baq.kz, baibai.kz, tengrinews.kz ақпараттық агенттіктерінің мақалалары мен деректері қолданылды. Газет әр аптаның жұма күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым және бөлшек сауда арқылы таралады.



Есімі төрткүл дүниеге жайылған Роза Бағланова – ән әлемінде үш-төрт ұрпаққа өнеге болған ірі тұлғалардың бірегейі. «Ақмаңдайлым», «Ах, Самара городок», «Әдемі-ау», «Ақ көгершін» әндерін тамылжыта орындайтын әнші көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған адам. Қазақ арасында ғана емес, Кеңес Одағы елдерінің арасында есімі үлкен танымалдылыққа ие болған Роза Тәжібайқызы ән өнерінің тарихында өшпес із қалдырды. «Жәшіктегі жұлдыз» айдарының бүгінгі саны Қазақстанның, Өзбекстанның және КСРО-ның Халық әртісі, Халық қаһарманы, қазақтың ақмаңдай әншісі Роза Бағлановаға арналады.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАҺАРМАНІ ӘНШІСІ



ЖАНСАЯ ШЫҒЫСХАНҚЫЗЫ

де сол бір китейде, қарапайым қалыпта болды. Үйінде үш ретте де байлық, барлық көрген жоқпын. Жиһаздары да жұпынылау болатын. Екі сөзінің бірі – «совет халқы, халқым» деген сөздері есімде жатталып қалды. Ол кісі мені ресми қабылдады. Қос бұрымыма мақтау айтты: «Әйелге қос бұрым жарасады. Грузин қыздары да шашын қос бұрым етіп өріп қояды, саған жарасқандай олар да сондай ажарлы көрінеді» деп қалды. Ол да пенде, еркек, сезімі бар, әдемілікті көретін көзі, әнді еститін құлағы бар. Сталин қазақтың сән-салтанатын паш еткен үстіндегі ұлттық киімнен көз алмай қарады. «Грузин қыздары да ұлттық киімде соншалықты әдемі көрінеді» деп қайталап айтып қалды. Мен темірдей қатал, жарты әлемді аузына қаратқан күдіретті адамның көзінен ұлтының қыздарына, халқына деген шынайы сағынышын байқадым».

РОЗАҒА АЙНАЛҒАН ҮРБИІ

Әлемнің 54 елінің сахнасында қазақ, орыс, венгр, өзбек, қырғыз, тәжік, украин, грузин, әзербайжан, т.б. тілдерінде әндерін нақышына келтіре орындаған Роза Бағланова қай елде концерт берсе, сол кеште міндетті түрде сол елдің тілінде ән айтатын болған. Роза Тәжібайқызының көрермен алдындағы жауапкершілігі туралы сазгер Кеңес Дүйсеев былай дейді: «1980 жылы Роза апайымыз Алматыдағы Республика сарайында үлкен концерт бермек болды. Осы концертке дайындық кезінде ол кісінің көзі дұрыс көрмей қалды. Мен бұл кешті болмайдыға жорыдым. Бірақ, ол кісі «Халық күтіп жүр, мен бәрібір де сахнаға шығуым керек» деп ақыры концертті өткізетін болды. Сахнаға шығардың алдында қарама-қарсы бетке үлкен прожектор орнаттық. Ол кісі сол жарыққа қарап ара-қашықтықты реттеп, бақылай алды. Сонымен қоса, сахнадан шыққаннан әр қадамын санап, өлшеп қойдық. Роза апамыз сол белгіленген, өлшенген аумақта ғана жүрді».

«Өзі бала десе, жаны қалмайтын. Гастрольдерге шыққанда ұлының жөргегін иіскеп отыратын. Мектептерде ылғи тегін концерт беретін. Жалпы, көп жерде тегін концерт өткізетін. Балалар үйлеріне демеушілік жасайтын. «Бәрі де халық үшін ғой» дейтін. «Халық қайда болса, сонда ән салуға әзірмін» деуден танған емес. Еш қиындыққа қарамай, кез келген жерді сахнаға айналдырып жіберетін. Егін даласында, мақта алқабында, майданда танкінің үстінде... Осылайша, халықтың махаббатына бөленді. Өмірінен аудардан екі күн бұрын ауруханаға мені және келін-баласын шақырып алды. Басқалар болса, бұл жаста өзін-өзі күтуден қалар еді. Ал апам болса, ерніне алқызыл далабын жағып, иіссұны сеуіп, шашын әдемілеп жинап алған. Адамның өзіне деген құрметі осындай болу керек-ау?! Сонда балаларына біраз аманат айтты. Ол кісінің азан шақырып қойған есімі – Үрбиі. Мен бұл жайды 25 жылдан бері білетінмін. Сыр ретінде сақтадым. Бүкіл әлемге «Роза» боп танылып кетті де, жеке тарихын өзгертісі келмеді. «Жаназамды шығарғанда Үрбиі деп атасын. Бейітіме қойған тақтайшаға «Үрбиі – Роза Бағланова» деп жазыңдар» деп өтінді балаларына», – дейді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлшара Есетқызы.

«Менің ең қымбатым – жалғыз ұлым Тәженім. Мен халқымның арқасында ештеңеге зәру емеспін», – деген Роза Бағланованың жалғыз ұлы – Тәжен бүгінде қара шаңырақтың иесі. Әншіге келіндік қызмет көрсеткен төрт баланың анасы Марал Бағланова енесі туралы естеліктерімен бөлісті: «Мен бұл үйге 20 жасымда келін боп түстім. Ол кісі маған туған анамдай мейірім көрсетті. Жұбайым Тәжен – заңгер. Әр келіннің менің енемдей енесі болса ғой. Апамыздың жүрегі кең, балажан еді. Жақсы көретін адамдарының бәрине ат қоюшы еді. Ұлын «Ақтәженім», немере ұлын «Алтынсақам», Маржан қызымзды «Ақмаржаным» деп атайтын. Ал мені «Бозторғайым» дейтін. «Шырылдайсың да жүресің шыр-пыр болып» деп еміренуші еді. Апамыздың қазір төрт немересі өсіп келеді. Әжесі барда балаларымыз біраз ес біліп қалған болатын. Сабақтан келген соң, көбіне бірге тығылмаш ойнайтын. Әжелері көзін байлайды. Олар үйдің бұрыш-бұрышына тығылады. «Шаршадым, таба алмадым» дегенде, «біз мұндамыз» деп атып шығып, әжелерін бас салып құшақтайтын. Сосын апамыз тізерлеп алып, арқасына екеуін бірдей отырғызып алады. Үйде шешбер жасап, немерелерін арқалап жүретін. «Апа, бөліңіз ауырады» десем, «жо-оқ, бұларды арқама салып көтермегенде, кімді көтерем?» дейтін. Өте қоңақжай, қолы кең кісі еді. Үйде әрдайым дастархан жаюлы тұратын».

ҚАЗАЛЫДАН ШЫҚҚАН ҚАҺАРМАН ҚЫЗ

Роза Тәжібайқызы 1922 жылы Қызылорда облысының Қазалы өңірінде дүниеге келген. Бала Розаның өнерге қызығушылығын әжесі оятса керек. «Менің өмірімде ерекше із қалдырған адамның бірі – әжем. Жан-жақты талантты адам еді. Тамаша дауысы бар әнші болатын, поэзияны, әсіресе, қазақ эпосын ерекше жақсы білетін. Он саусағынан өнері тамған ісмер еді. Сыр бойының дүлдүл ақындарының жырларын жатқа айтатын. Дәл біздің елдегідей сөз шеберлерін кездестіре алмадым. Менің әнге деген ықыласымды марқұм әжем ерте байқапты. Ол кісі халық әндерін де жақсы айтушы еді. Қандай әнді болсын бір рет айтса, мен қағып аламын. Өзіне қайтып айтып берсем, қуанып ағынан жарылатын. «Менің қызым әнші болады» деп, мақтап қанаттандырып қоятын», – деп еді көзі тірісінде мәдениет майталманы.

Жоқшылық заманда күн кешсе де оқушы кезінен әнді тұмар қылған Роза Бағланова бала кезін жиі еске алатын: «Мен не көрмедім?! Ашаршылықты да, соғысты да өткердім. Мектепке киетін киімім де болмады. Аяғыма жаман байлақ киіп, үстіме жамау шапанды іліп жүрсем де, сабақтан қалмайтынмын. Күннің суығында бірнеше шақырым жердегі мектепке қатынап оқыдым. Бірде жауа, бірде шанамен мектепке барамыз, киер киім, ішер ас жоқ. Күнде бір адам өліпті дегенді естиміз. Бала болсам да аштан өлген адамдарды көзіммен көрдім».

Мектепті бітіргеннен кейін Қызылорда педагогикалық институтына тапсырған. Бірақ, сол кезеңдегі ауыр тұрмысқа байланысты оқуды жалғастыруға жағдайы келмей, Ташкент қаласындағы тоқыма институтының сырттай бөліміне ауысады. Мектеп табалдырығында көркемөнерпаздар үйрмесінің белсенді мүшесі болған Роза Тәжібайқызы Ташкентке келісімен алыс ағайынының үйіне орналасады. Осы кезеңде шығармашылықпен тығыз байланысқан жас әншінің өзі армандаған өмір жолы басталады.

ӨЗБЕКСТАНДА ЖҮРГЕН ӘНШІ ЕЛГЕ ҚАЛАЙ ОРАЛДЫ?

Тағдыр тауқыметін тартқан Роза Бағланова шекара асып, өзбек елін паналайды. Аулада қазақы қоңыр дауысыменен қуйқылжыта ән салып жүрген қазақ қызын байқаған орта жастағы азамат бірден есік қағып, дәл сол уақытта естіген әнінің орындаушысын іздейді. Бұл туралы әнші бір сұхбатында былай дейді: «Әлі есімде, есіктің алдын сыпырып жүріп әндеткен қыздың дауысын естіп, өзбек филармониясының директоры «Өн айтқан кім?» деп іздеп келді. Менің әншілік өмір жолымды, бағымды ашқан Кари Якупов әка еді. Содан Кари ақаның көмегімен Ташкент филармониясындағы мемлекеттік әйелдер ән-би ансамблінде әнші болдым. 1941 жылы Мәскеу консерваториясына жолдама алғанымда соғыс басталып кетті. Сол ансамбльмен Ұлы Отан соғысы жылдары майданды аралап, өнер көрсетіп, 1945 жылы 9 мамырда Берлиндегі жеңіс концертіне қатыстым».

Ерекше дауысқа ие қазақ қызының шығармашылық ғұмыры басталып, Ташкентте көптеген жетістікке жетіп, сол заманғы өнерпаздар арасында танымалдылыққа ие болады. Өзге елде өнер көрсетіп жүрген қазақ қызының елге келуіне себепші болған ақын Жұбан Молдағалиев екен. Ақынның азаматтығы туралы әнші жиі айтып жүреді екен: «Мен өзбек халқының қамқорлығын көп көрдім. Өзбекстаннан Қазақстанға келуіме тікелей себепші болған ақын ағамыз Жұбан Молдағалиев. Мәскеуде Жоғары партия мектебінде оқып жүрген ол Өзбекстан атынан ән салып жүрген қазақ қызы бар деп естіп, арнайы іздеп келді. «Перизаттай қыз екенсің, қарағым! Өзбекстанда не бітіріп жүрсің?» деді өктем дауыспен. Жұбан ағаның қолдауымен 1949 жылы елге келдім. Маған әкемдей қамқоршы болған біртуар азаматтың жақсылығын қалай ұмытам! Бұдапеште өткен ән жарысына мені мәпелеп қосқан да Жұбан аға болатын».

ҚАН МАЙДАНДА ӘН САЛҒАН ӘНШІ

Роза Бағланованың өнер саласындағы жеке шығармашылығы қалыптасқан шақта соғыстың өрті тұтанды. Қарапайым халық қиналып, жауынгерлер оқ жауған майдан даласында жаумен алысты. Ұлы Отан соғысының отты жылдары кеңес жауынгерлерінің бойына күш-жігер бере отырып, оқ пен оттың астында жүріп ән шырқаған Роза Бағланова өз естеліктерінде былай дейді: «1943 жыл. Соғыстың қызған шағы. Кезекті концерт кезінде майдан даласында жауынгерлерге ән салып тұрмыз. Кенет фашистер минометпен атқылай бастады. Енді еңкейіе бергенімде көзімнің алдында қараңғылық орнады. Көзіме снаряд жарқыншағы тиген екен». Роза Тәжібайқызы осы жарақатқа байланысты көзіне бірнеше мәрте ота жасатқан. Кейде мүлде көрмей қалатын кездері де болған екен.

Соғыс кезінде бір офицер аяғынан жараланған адамды жолда қалдырып кетпекші болыпты. «Енді адам болмайды, арқалап әуре болмайық» деген көрінеді. Сонда Роза Бағланова: «Егер бұл жас баланы тастап кетсеңдер, әскери билікке бұл істеріңді әшкере қыламын», – депті. Ақыры оны жолда қалдырмай, өздерімен алып кетеді. Сөйтіп, жаралы жас аман қалыпты. Кейін сол кісі әншіге алғысын білдіріп, талай концерттердегі ролі үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен, «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» және «Отан» ордендерімен марапатталып, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы атанды.

Майдан даласында ұшақтың қанатында, танкінің үстінде тұрып ән салған Роза Бағланова өмір майданында мінберде тұрып, қоғамның ащы шындығын айтатын болған. Мына мәтін соның дәлелі: «Мен соғысты көрдім. Бірақ, Аралдағы жағдайды сөзбен тоқтата салу мүмкін емес. Соғысты тоқтатуға болады, атом бомбасын да, ұшақты да тоқтатуға болады. Бірақ, мұны тоқтата алмаймыз. Біз мұнда сөйлеп тұрғанда ана жерде табиғат өз дегенін істеп жатыр. Біздің «ұлы» ғалымдарымыз бүтін бір ұрпақты өлімге, ауру-кеселге қиып отыр, мен оларға не деймін? Олар КСРО-ның академикттері, Кеңес Одағының үш дүркін батырлары. Не деуге болады? Бүтін бір ұлт жойылып бара жатыр! Семейде полигон. Байқоңырда космодром, Аралда у. Мен барлық жерде болдым, қолы жоқ, көзі жоқ, аяғы жоқ мүгедек балаларды көрдім. Бұл трагедияны біз кімге айтуымыз керек? Ұлттың басына түскен трагедиясын жеткізу үшін кімге айтуымыз керек? Кімнен көмек сұрауымыз керек?».

СТАЛИН БАҒЛАНОВАҒА ҚАНДАЙ МАҚТАУ АЙТТЫ?

Қазақтың әнін ғана емес, сән-салтанаты мен салт-дәстүрін де өзімен бірге өмір бойы серік еткен әншінің көркі мен өнеріне қызықпаған жан қалмаған. Қай елге бармасын ұлттық нақышта киінген, әні мен сәні жарасқан әншіге көрсетілер қошемет те ерекше болған.

1949 жылы Роза Бағланова Жастар мен студенттердің Бұдапеште өткен ІІ Халықаралық фестивалінің лауреаты атанады. КСРО елінің атағын асырған сәтінде «Ах, Самара городокты» тамылжата орындайтын әншіге Сталин ерекше құрмет көрсетеді. Бұл жайында Роза Бағланова бір сұхбатында айтады: «Сталиннің үйінде арнайы шақыртумен үш рет болдым. Үш ретінде

Тобықтай түйін

Туа біткен дарын иесі, талантты әнші Роза Бағланованың өнерін, өмірін, адами қасиеттерін, бөлек болмысын таңды таңға ұрып айтуға болады. «Қазақ деген халықтың еркесімін. Тағдырыма, еліме ризамын. Екінші қымбатым – мені еркелеткен халқым. Айналайын халқымнан еркелеткен...» деп қазақ елін әнмен әлдилеген әйгілі әншінің жарқын бейнесі халықтың жүрегінде мәңгі сақталады.